



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспарлары туралы баяндалды.

Бейбіт Исабаев 2025 жылдың қорытындысы бойынша барлық негізгі мақсатты индикаторға қол жеткізілгенін айтты. Өңірге 610 миллиард теңге инвестиция тартылған, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 12,8 пайызға артық.

Президентке агроөнеркәсіп кешенін дамыту жоспары таныстырылды. Ауыл шаруашылығы дақылдары, соның ішінде қант қызылшасы алқабы кеңейді. Ақсу және Көксу

қант зауыттарының өндірістік қуатын 2 есеге арттырып, 950 мың тоннаға жеткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2027 жылға дейін құны 94,4 миллиард теңге болатын 23 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Атап айтқанда, құс фабрикалары, мал бордақылау алаңдары, балық және жылыжай шаруашылықтары мен басқа да жобалар бар.

Өнеркәсіп саласында соңғы үш жылда 29 жаңа нысан іске қосылып, 7 кәсіпорын кеңейтілді, соның нәтижесінде 1841 жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысына

инфрақұрылымды дамыту жайында мәлімет берілді. Өңірді газдандыру деңгейі 67,2 пайызға жетті. «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбыры тартылып, 650 мыңнан астам тұрғыны бар 210 елді мекен көгілдір отынға қол жеткізеді.

Облыстың туризм саласындағы мүмкіндіктерін кеңейту бағытында жұмыстар жалғасуда. Алакөл, Балқаш жағалауларында туристік нысандарға баратын жолдар салынып, ауыз су, электр желісі, көріз жүйелері тартылды. Жағалауларды бекіту шаралары қолға алынды. Бұрқанбұлақ сарқырамасына апаратын 31 шақырымдық жол жаңартылып жатыр.

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өңірде үш экопарк салып, 121 мың ағаш егу көзделген.

Мемлекет басшысы облыс әкіміне Қытай Халық Республикасымен шекаралас «Достық» бекетіндегі және «Қорғас» арнайы экономикалық аймағындағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ Алакөл, Балқаш көлдері жағалауындағы демалыс орындарын, тау туризмін қарқынды түрде дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

akorda.kz

ҚАРАТАЛ АУДАНЫНДА БИЫЛ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ МЕН ДЗЮДО ЗАЛЫ САЛЫНАДЫ



Жетісу облысының Қаратал ауданындағы жаңа бокс залы жүйелі жұмыс істеп тұр. Бұл зал өткен жылдың желтоқсан айында ашылған болатын. Ал биыл аудан орталығында көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен дзюдо залы да салынады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Қаратал ауданына барған сапары барысында белгілі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аталған аймақтағы бокс залына арнайы барған өңір басшысы жас спортшылардың жаттығуына куә болып, олармен тілдесті.

- Үштөбенің бокс мектебі елге танымал. Соның ішінде Атланта олимпиадасының қатысушысы, белгілі боксшы Михаил Юрченконың жетістіктері әрқашан сіздерге үлгі. Спортпен айналысқан адам тәртіпті, жинақы, жат едеттерден қашық болады. Сондықтан жақсылап жаттығып, мықты спортшы болыңдар. Сіздерге арнап осы бокс залымен қатар биыл бір жылдың ішінде дзюдо залын, сол сияқты көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салып береміз, - деген Бейбіт Исабаев балаларға спорт киімдерін тапсырды.

Қаратал аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Ермек Торғаевтың айтуынша, спорт мектебінде 1200-ден астам оқушы спорттың 14 түрімен айналысады, соның 87-сі бокс залында жаттығады.

- Қаратал ауданынан шыққан түлектер елімізді үлкен жетістіктерімен қуантып келеді. Атап айтсам, біздің аймақтан бокстан Қазақстан ерлер құрамасына кірген әлем чемпионатының қола жүлдегері Ертуған Зейнуллинов, жастар арасында Азия біріншілігінің қола жүлдегері Мария Сидоренко шыққанын мақтанышпен айтамыз. Бүгінгі спорт мектебінің тәрбиеленушілеріне сол аға-әпкелерінің жолын лайықты жалғауға барлық мүмкіндік жасалған, - деді ол.

Жаңа бокс залының жұмысына қатысты ата-аналар да дән риза. Мәселен, Тілеулес Қанатбаев мұнда өз немересін жаттығу үйірмесіне тұрақты алып келеді.

- Немерем Медет боксқа өз қалауымен келді, қазір қызыға айналысып жүр. Жаңа залда балаларға тегін әрі сапалы жаттығуға барлық жағдай жасалған. Мұндағы бапкерлердің бәрі - білікті мамандар. Кезінде өзім де бокспен айналыстым, Айдарбек Жапсарбаевтың шәкіртімін. Менің жолымды немеремнің жалғауына қуаныштымын. Осы залдан елге танымал чемпиондар көптеп шығатынына сенеміз, - деді Т. Қанатбаев.

Жалпы ауданы 800 шаршы метрді құрайтын бір қабатты ғимаратта бокс және күрес залдары орналасқан. Тәулігіне 100 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар залдар заман талабына сай құрылғылармен жабдықталған. Былғары қолғап шеберлеріне арналған бокс залы кәсіби ринг, күрес залы су жаңа татами және қажетті жаттығу құралдарымен толыққан. Сонымен қатар нысанда киім ауыстыратын бөлмелер, душ кабиналары және жаттықтырушыларға арналған бөлмелер қарастырылған. Атап өтерлігі, мұнда тренажер залы да бар, аудан тұрғындарының көшкілік уақытта оны тегін пайдалануына мүмкіндік жасалған.

Жалпы, соңғы үш жыл ішінде облыста қайта салуды немесе жөндеуді қажет ететін спорт нысандарын жаңартудың деңгейі орта есеппен 79,6% жетті, яғни 39 спорт нысаны жаңарды. Өңірде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатындар саны 300 мыңға жуықтаған, бұл жалпы халық санының 43,5%-ын құрап отыр.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



ПРЕЗИДЕНТ ТАБЫСТАҒАН ПӘТЕРЛЕРГЕ ЖАС ҒАЛЫМДАР ҚОНЫСТАНДЫ

ПРЕЗИДЕНТ ТАБЫСТАҒАН ПӘТЕРЛЕРГЕ ЖАС ҒАЛЫМДАР ҚОНЫСТАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды дамыту және жас зерттеушілерді қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат аясында Ғылым қызметкерлері күніне орай 10 жас ғалымға пәтер кілтін табыстады. Тұрғын үйлер Алматы және Астана қалаларынан өтеусіз негізде берілді.

Бүгінде Алматы қаласында баспана алған жас ғалымдар толық жабдықталған пәтерлерге қоныстанып үлгерді. Қоныс иелері жасалған қолайлы жағдайлардың ғылыми және кәсіби қызметке алаңсыз көңіл бөлуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Жас зерттеушілер өздерінің шынайы қуаныштары мен мемлекетке деген ризалылықтарын білдірді.

Ғалымдарды марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы ғылымның әлеуеті елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және халықаралық аренадағы беделін нығайтудың негізгі факторына айналып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, ғылым мен білімге инвестиция салған мемлекеттер әлемде алдыңғы қатардан көрінеді. Сонымен қатар Президент отандық ғылымның болашағы жаңа идеялар ұсынып, ел дамуына серпін беретін дарынды, мақсатшыл әрі зияткер жас буынның қолында екеніне тоқталды.

Қазіргі таңда 600-ден астам жас ғалым баспанамен қамтылды. Бұдан бөлек, олар үшін арнайы гранттар қарастырылған, сондай-ақ біліктілікті арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өту мүмкіндіктері бар.

Жаңа пәтер иелерінің қатарында еліміздің жетекші ғылыми ұйымдарының өкілдері бар.

Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті Жылуэнергетика және физика кафедрасының аға оқытушысы, PhD Мадина Құмарғазина Scopus халықаралық базасында жарияланған ғылыми еңбектердің авторы, сондай-ақ Қазақстанның 10-нан астам және бір Еуразиялық патенттің тең авторы. Оның зерттеулері энергия тиімділігі

технологияларын дамытуға және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға бағытталған.

«Мемлекет басшысының ғылымға және жас ғалымдарға көрсетіп отырған мұндай ерекше көңілі үшін шынайы алғысымды білдіремін. Бұл мен үшін күтпеген сыйлық болды. Әлі күнге дейін сене алар емеспін. Мен ұзақ уақыт бойы пәтерге өз күшіммен қаражат жинауға тырыстым, сондықтан бұл мен үшін орасан зор қолдау әрі алға қарай еңбек етіп, мемлекетке пайда келтіруге мотивация береді. Тағы бір айта кететіні, енді менің толықтай жабдықталған пәтерім бар. Бұл маған бар құш-жігерімді ғылымға арнауға мүмкіндік береді. Осындай бастамалар болашаққа деген сенімді арттырып, ғылыми қызметке, жаңа технологияларды әзірлеуге және білікті мамандар даярлауға толықтай назар аударуға жол ашады», - деп бөлісті Мадина Бақытжанқызы көрсетіліп отырған қолдаудың маңыздылығын атап өтіп.

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Физика-техникалық институтының ғылыми қызметкері, Электрохимия және ванадийлі ағынды батареялар зертханасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Арман Өмірзақовтың ғылыми еңбек өтілі 15 жылды құрайды.

«Ақордада мен Президенттің қолынан өтеусіз негізде берілген пәтердің сертификатын алдым. Ал бүгін Алматы қаласында сол пәтерге қоныс аударып отырмын. Мемлекет ғылымды дамытуға және гранттық жобаларды қолдауға үлкен көңіл бөліп отыр, бұл ғылыми қызметкерлер мен жас ғалымдарға алдағы жұмысқа және кәсіби өсуге қуатты серпін береді», - деп бөлісті ғалым.

Ол халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған 20-дан астам ғылыми еңбектің авторы, сондай-ақ Қазақстанның 8 патентінің тең авторы. Ғалымның зерттеулері энергетика саласындағы перспективалы бағыттарды, соның ішінде отын элементтері, микробатареялар және фотокаталитикалық материалдарды қамтиды.

Негізгі ғылыми бағыттардың

gov.kz

I ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖІӨ ӨСІМІ 3%-ДЫ ҚҰРАДЫ: ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ШІКІЗАТТЫҚ ЕМЕС СЕКТОРДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ӨСІМДІ АТАП ӨТТІ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылғы қаңтар-наурыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды.

Онда қаржы министрі Мәди Такиев, энергетика министрі Ерлан Ақкенженов, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин, Ұлттық банк төрағасының бірінші орынбасары Ерұлан Жамаубаев, сондай-ақ Атырау және Ақмола облыстарының әкімдері баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында сапалы әрі орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл міндет өңдеу өнеркәсібін дамыту, инвестициялық белсенділікті арттыру, өндіріс орындарын технологиялық жаңғырту арқылы жүзеге асырылуда. Аталған кезеңде жалпы ішкі өнім нақты 3%-ға өсті. Бұл көрсеткіш шикізаттық емес секторда, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіндегі, көлік, құрылыс, сауда салаларындағы орнықты өсу есебінен қамтамасыз етілгенін айта кету керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Күрделі сыртқы экономикалық ахуалға қарамастан, шикізаттық емес сектор өзінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетіп отырғанын атап өтті. Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша құрылыста — 14,8%, көлікте — 12,8% және өңдеу өнеркәсібінде — 8,5% деңгейінде ең жоғары өсім тіркелген.

Бірқатар облыста макроэкономикалық көрсеткіштердің жалпы өсуімен келегенен бағыттар бойынша төмендеу тіркелді. Жоспарлы өсімді қамтамасыз ете алмаған Атырау және Ақмола облыстарының әкімдеріне қалыптасқан жағдайға талдау жүргізіп, қажетті шаралар қабылдай отырып, бақылауды күшейту тапсырылды.

Премьер-министр жыл соңына дейін 5%-дан жоғары деңгейде орнықты экономикалық өсімге қол жеткізу үшін бар күш-жігерді жұмылдырудың және шикізаттық емес салалардағы қолдағы бар резервтерді толық пайдаланудың маңыздылығын атап өтті.

Цифрлық шешімдер мен ЖИ енгізуді қоса алғанда, нақты өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру қажеттігіне баса назар аударылды.

«Бәсекелестік күннен күнге күшейіп келеді. Бос өңгімені доғаратын уақыт келді. Нақты іспен айналысу керек. Ірі өнеркәсіп және инфрақұрылым жобаларын жүзеге асырып, барлық салаға жасанды интеллектіні енгізу керек. Қаржылық тәртіпті қатаң сақтап, әлеуметтік қамсыздандырудың әділетті жүйесін қалыптастыру қажет. Қазіргейдегі бәрине бірдей емес, мемлекет шын мәнінде мұқтаж адамдарға ғана қолдау көрсетуі тиіс», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Отырыс барысында Премьер-министр бірқатар тапсырма берді.

Атап айтқанда, инфляциялық қысымды төмендету — маңызды міндет. Наурыз айында инфляция 11%-ға дейін төмендеді. Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенінің сапалы орындалуын, сондай-ақ макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру барысын бақылауда ұстау қажеттігі атап өтілді. Сондай-ақ ең бастысы, маңызды бағыттарда, соның ішінде азық-түлік өнімдерін шығаратын қолданыстағы өндірістерді локализациялау деңгейін арттырып, кеңейту қажет.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне мал шаруашылығында өнімділікті ұлғайтып, жылыжай, көкөніс және сүт өндірісін кеңейту, сондай-ақ қайта өңдеу деңгейін тереңдету бағытында қосымша шаралар қабылдау тапсырылды. Сауда министрлігі көтермелатрату инфрақұрылымын дамыту, заманауи сақтау және логистика қуаттарын құру жұмыстарын жандан-

дыру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз өсуін тежеуге тұрақты мониторинг жүргізіп, тиісті шаралар қабылдауды жалғастыру қажет.

Сондай-ақ Сауда министрлігі өңірлермен бірлесіп, ішкі нарықты отандық өнімдермен толықтыру, делдалдық схемаларды анықтау және цифрландыру арқылы жеткізу тізбектерін қадағалау жұмыстарын күшейтуі керек.

«Арман Абайұлы, өткен аптада сізге ірі көтерме базарларда тәртіп орнатуды тапсырған болатынмын. Жасыратыны жоқ, ол жерлерде ел айтып жүргендей, «ұйымдасқан топтар» заңсыз әрекет етеді. Көкөніс, жеміс-жидек, ет және басқа да өнімдердің бағасы ешқандай негізсіз, қолдан көтеріледі. Міне, осыны нағыз делдалдық схемалар деп айтуға болады. Ішкі істер министрлігімен, Мемлекеттік кірістер комитетімен және Бәсекелестікті қорғау агенттігімен бірге осы мәселемен нақты әрі жүйелі түрде айналысыңыз», — деп атап өтті Премьер-министр.

Бұл ретте үйлестірілген тарифтік саясат болжамды әрі инфляцияның мақсатты көрсеткіштеріне сәйкес келуі тиіс. Ұлттық экономика, Энергетика, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері тарифтер мен бензин бағасына мораторийдің аяқталуына байланысты олардың инфляция деңгейіне үлесін жоғарылатпау үшін шаралар қабылдауды қажет. Нарықтарды жүйелі түрде монополизациялап, азық-түлік, отын, көлік және коммуналдық қызмет нарықтарында монополияға қарсы бақылауды күшейту керек. Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен және салалық мемлекеттік органдармен бірге аталған бағытта бірлескен жұмысты жалғастыруы қажет.

Экономика құрылымында екінші жыл қатарынан кен өндіру саласынан алда келе жатқан өңдеу өнеркәсібіне де назар аударылды. Бұл ретте нақты секторды ынталандыру үшін қосымша шаралар қабылдау қажет.

Өнеркәсіп министрлігіне бір ай ішінде металлургия мен химия өнеркәсібін қолдау, өнім номенклатурасын кеңейту және өндірістік қуаттардың әлеуетін ынталандыру шараларын әзірлеу тапсырылды. «Самұрық-Қазына» қорына Сыртқы істер, Өнеркәсіп, Сауда министрліктерімен бірлесіп, отандық металлургия кәсіпорындарының өндірістік әлеуетін арттыру үшін құрамында алтыны бар импорттық және полиметалл шикізатын іздестіру және тарту жүктелді.

Энергетика министрлігіне Атырау облысындағы полипропилен компаниясының жобалық қуатына шығуын қамтамасыз ету міндеттелді. Сондай-ақ Өнеркәсіп министрлігі өсудің қосымша резервтерін қамтамасыз ету шеңберінде 2026 жылға жоспарланған химия өнеркәсібінің кемінде 4 басым жобасын уақтылы іске қосуы тиіс.

Құрылыс саласында биыл тұрақты динамиканы қамтамасыз етуге баса назар аударылуда. Бұл ретте құрылыс маусымы ендігісі басталып кетсе де бірқатар жүйелі мәселе әлі күнге дейін шешімін таппай отырғаны аталып өтті. Нақты айтқанда, жалға берілетін тұрғын үйді қаржыландыру арқылы құрылыс жұмыстарын бірінші кезекте ынталандыру және жаңа құрылыс алаңдарына инженерлік инфрақұрылымды уақтылы тарту мәселесінде сұрақтар бар. Шын мәнінде бұған әкімдіктер тарапынан жете мән берілмей келеді, әрі жобаларды іске қосу бағытында да қарқынды жұмыс байқалмайды. Сондай-ақ, тұрғын үй құрылысына 516 млрд теңге қажет деп ақпарат түскенімен, өңірлер 249 млрд теңгенің өтінімін ғана растаған. Бұл қажетті көлемнен шамамен екі есе төмен. Егер әкімдіктер тез арада тиісті шешім қабылдаса, тұрғын үй құрылысының қарқыны бойынша артта қалу қаупі туындап тұр. Осыған байланысты Ұлттық экономика және Қаржы министрліктеріне бір апта ішінде жергілікті бюджеттерге пайыздық мөлшерлемені өтеп, облигациялар бойынша негізгі борыш-

ты жабуға мүмкіндік беретін нақты тетіктерді әзірлеу, сондай-ақ аталған құралдарға өңірлердің қатысуы үшін ашық жағдай жасау тапсырылды. Түйіндей айтқанда, нақты параметрлері мен қаржыландыру көздері айқындалған дайын шешімдер қажет.

Мұнай өндірудің жоспарлы деңгейін қамтамасыз ету үшін Энергетика министрлігіне ірі жер қойнауын пайдаланушылармен өндіріс көлемін ұлғайту шаралары бойынша келіссөздер жүргізуді тапсырылды. Елдің энергия ресурстарына деген сұранысын қанағаттандыру үшін газ өндіру қуатын арттыру қажет. Энергетика министрлігіне QazaqGaz және ҚазМұнайГаз компанияларымен бірлесіп, биыл Қашағанда көлемі 1 млрд текше метр болатын газ өңдеу зауытының құрылысын аяқтау, ал келесі жылдың басында Жаңаөзендегі зауытты пайдалануға беру жүктелді. Одан бөлек газ тасымалдау жүйесіне ерекше назар аударылды. «Бейнеу — Бозой — Шымкент» газ құбырының екінші желісін табысты жүзеге асыру — стратегиялық міндет, бұл қолжетімді газ көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Энергетика министрлігі осы орайда тиісті үйлестіру мен қатаң бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

Көлік саласында теміржол желісінің өткізу қабілетін жүйелі түрде арттыру, Ақтау мен Құрық порттарының инфрақұрылымын жаңғыртуды жеделдету және 11 мың шақырым автомобиль жолын құрылыс және жөндеу жұмыстарымен қамту тапсырылды.

АӨК бойынша Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктері астық тасымалдауға байланысты шығыстарды қосымша қаржыландыру мәселесін шешуі қажет, сондай-ақ, мал және егін шаруашылығы салалары бойынша қарыздарға көпілдік беру құралын жүзеге асыру үшін өзге де мемлекеттік органдармен және «Бәйтерек» холдингімен қажетті қаражат көздерін қарастыруы тиіс. Қаржы ресурстарының қолжетімділігін кеңейту тұрғысында әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға инвестициялық мақсаттар мен айналым қаражатын сатып алу үшін агроөнеркәсіп кешен субъектілерін қаржыландыруға мүмкіндік беру керек. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы, Ұлттық экономика министрліктері бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, екі апта ішінде Үкімет қаулысына тиісті өзгерістер енгізу тапсырылды.

Сөзін қорытындылай келе Премьер-министр биыл наурыз айында 2026 жылы экономикалық өсуді қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кеңесте экономиканың өсу резервтерін ынталандыруға бағытталған тиісті шаралардың мақұлданғанын атап өтті, алайда кейбір мәселелер созылып кеткен. Бұл «Бәйтерек» холдингін капиталдандыруға және тұрғын үйге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту үшін әкімдіктердің мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруы жөніндегі шараларға қатысты. Сондай-ақ мемлекеттік көпілдік есебінен қаржыландыру жоспарланған автожол жобалары бойынша құжаттаманы сүйемелдеу процесі баяу жүріп жатыр. Экономиканың басым салаларында қосылған құнды арттыратын инвестициялық жобаларды анықтау жұмысының да тиімділігі төмен.

«Осы сұрақтардың бәрін жедел шешу керек. Өрбір басшыға салалар бойынша өсудің жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін тікелей жауапкершілік жүктелген. осыны тағы да естеріңізге саламын. Конституцияның қабылдануымен еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басады. Бұл орайда, мемлекеттік аппаратқа, бірінші кезекте басшыларға жаңа талаптар қойылады. Өрбір басшы өзінің жұмыс тәсіліне де, өзіне де түбегейлі жаңаша көзқараспен қарауға тиіс. Ол Мемлекет басшысы айқындаған жаңа талаптарға, жаңғырудың жаңа жалпыұлттық күн тәртібіне сәйкес келе ме? Өрбір басшыдан нақты нәтиже болуға тиіс. Бұны естен шығармаңыздар», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

primeminister.kz

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТИСУДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯДА ІЛЕ ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАЛАУЫ МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ТАЗАРТЫЛДЫ



Бүгін өңірде «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аумақтарды тазарту, көгалдандыру және елді мекендерді санитарлық тазалау жұмыстары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар бекітілген жоспарға сәйкес Панфилов ауданында «7 OZEN» экологиялық акциясы өткізіліп, Іле өзенінің арнасы тазартылды. Ооған 50 адам, 2 бірлік арнайы техника жұмылдырылып, 25 тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылды.

Сондай-ақ халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыруға және елді мекендердің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасын іске асыру шеңберінде Талдықорған, Текелі, Сарқан, Жаркент, Үштөбе және Ұшарал қалаларында «Таза қала» экологиялық акциясы өткізілді.

Аталған іс-шара қала аумақтарын санитарлық тазартуға, аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға, сондай-ақ халықты, еріктілерді, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер өкілдерін тарта отырып, аумақтарды көгалдандыруға бағытталды.

Акция қорытындысы бойынша 2 800 адам қатысты, 41 бірлік техника тартылып, 101 тонна қоқыс шығарылды, 1 710 ағаш көшеттері отырғызылды.

Облыс бойынша тазарту және көгалдандыру іс-шаралары басталғаннан бері 51 мыңнан астам адам қатысып, 913 бірлік техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 1 044 гектар аумақ тазартылып, 4 мың тонна қоқыс шығарылып, 40,9 мың ағаш көшеті отырғызылды.

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жалғасуда және ерекше бақылауда. Аталған акция өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға және халықтың қоршаған ортаға жауапты көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша

ОРМАНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Орман шаруашылығындағы өрт қауіпсіздігі – табиғи ресурстарды сақтау мен экологиялық тепеңдікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі. Орман – тек ағаштар жиынтығы ғана емес, ол жануарлар мен өсімдіктердің мекені, климатты реттеуші маңызды жүйе. Сондықтан орман өрттерінің алдын алу және олармен күресу – аса маңызды міндет.

Орман өрттері көбінесе екі себептен туындайды: табиғи және адам әрекетіне байланысты. Табиғи себептердің ішінде найзағай жиі кездеседі, ал адам факторына демалушылардың отты дұрыс сөндірмеуі, темекі қалдықтарын тастауы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатында шөп өртеу жатады. Статистика бойынша, орман өрттерінің басым бөлігі адамдардың салғырттығынан болады.

Өрттің алдын алу – ең тиімді қорғаныс шарасы. Орман шаруашылығында бұл үшін бірқатар жұмыстар жүргізіледі. Атап айтқанда, құрғақ ағаштар мен қураған бұталарды тазарту, минералдандырылған жолақтар жасау, орман ішіндегі жолдарды күтіп ұстау маңызды. Сонымен қатар, өрт қаупі жоғары маусымда орманға кіруді шектеу немесе толық тыйым салу шаралары қолданылады.

Орман аумағында бақылау және мониторинг жүйесі де жақсы дамуы тиіс. Бақылау мұнаралары, патрульдік топтар, заманауи спутниктік жүйелер арқылы өртті ерте анықтауға болады. Өрттің алғашқы белгілері байқалған сәтте жедел әрекет ету оның таралуын тоқтатуға мүмкіндік береді.

Өрт сөндіру жұмыстары арнайы дайындықты қажет етеді. Орман шаруашылығы қызметкерлері өрт сөндіру техникасын меңгеріп, төтенше жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алуы тиіс. Өртті сөндіру үшін су таситын көліктер, арнайы құралдар, кей жағдайда авиация да пайдаланылады. Халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу де аса маңызды. Орманға келген әрбір адам өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауы тиіс: отты бақылаусыз қалдырмау, қоқыс қалдырмау, темекі тұқылын тастамау. Бұл қарапайым ережелер үлкен апаттың алдын алуға көмектеседі.

Орман шаруашылығындағы өрт қауіпсіздігі – кешенді, жүйелі жұмысты талап ететін сала. Табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Орманды сақтау арқылы біз болашақ ұрпаққа таза әрі қауіпсіз қоршаған орта қалдырамыз.

Ержан Садықов, Көксу орманшылығының 35 айналымның орман күтушісі Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫНДА ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ АҒАШТАР ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ



Қазіргі таңда елімізде экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау және елді мекендерді көгалдандыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде «Таза Қазақстан» акциясы – табиғатты қорғауға бағытталған маңызды республикалық бастамалардың бірі. Бұл акция халықтың экологиялық санасын арттырып қана қоймай, әрбір аймақтың жасыл желегін көбейтуге үлкен үлес қосуда. Аталған акция аясында Алдабергенов ауылында қылқан жапырақты ағаштарды отырғызу жұмыстары ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – ауылдың экологиялық жағдайын жақсарту, ау-

аны тазарту және елді мекеннің көркін арттыру. Қылқан жапырақты ағаштар жыл бойы жасыл түсін сақтайтындықтан, олар ауылдың табиғи сәнін арттырып, ерекше көрініс береді. Іс-шараға аудан әкімі Елдос Ахметов арнайы қатысып, көгалдандыру жұмыстарына қолдау көрсетті. Аудан әкімі өз сөзінде табиғатты қорғау – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті. Сонымен қатар, ол мұндай экологиялық бастамалардың ауыл тұрғындары үшін маңызды екенін және болашақ ұрпаққа таза орта қалдыруға ықпал ететінін жеткізді. Акция барысында ауыл аумағына жалпы саны 70 қылқан жапырақты ағаш отырғызылды. Бұл жұмыстарға жергілікті тұрғындар, жастар және еріктілер белсене атсалысты. Әрбір отырғызылған ағаш – болашаққа жасалған инвестиция, табиғатты қорғауға қосылған үлес болып табылады. Отырғызылған көшеттердің күтімі мен суару жұмыстары да алдын ала жоспарланып, жауапты мамандарға бекітілді. Көгалдандыру жұмыстарының экологиялық маңызы өте зор. Қылқан жапырақты ағаштар ауаны оттегімен байытып, зиянды заттарды сіңіруге көмектеседі. Сонымен қатар, олар топырақ эрозиясының алдын алып, жел мен шаң-тозаңның таралуын азайтады. Мұндай ағаштар ауыл климатына да оң әсер етіп, ылғалдылықты сақтауға ықпал етеді. «Таза Қазақстан» акциясы тек ағаш отырғызумен шектелмейді. Ол халықты тазалыққа, табиғатты аялауға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді. Осындай шаралар арқылы жас ұрпақ экологиялық мәдениетті бойына сіңіріп, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Алдабергенов ауылында өткен бұл игі іс-шара – бір реттік акция ғана емес, ұзақ мерзімді экологиялық жұмыстың бір бөлігі. Алдағы уақытта да ауыл аумағын көгалдандыру, ағаш санын көбейту және табиғатты қорғау бағытындағы жұмыстар жалғасын табады деп күтілуде. «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған қылқан жапырақты ағаш отырғызу шарасы – ауылдың экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған маңызды қадам. Мұндай бастамалар елдің жасыл болашағын қалыптастырып, табиғатты сақтауға зор үлес қосады.

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ


Қоғамның дамуы мен өркендеуі ең алдымен еңбек адамдарының тынымсыз тіршілігіне байланысты. Елдің экономикасы, мәдениеті, рухани құндылықтары – барлығы да адал еңбекпен қалыптасады. Сондықтан да «Еңбек адамы – ел байлығы» деген ұғым әрдайым өзектілігін жоймайды. Осындай ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген жандардың бірі – қолөнер шебері, ұлағатты ұстаз Әли ағай. Әли ұстаз – қазақтың дәстүрлі қолөнерін жаңғыртып, оны бүгінгі күнмен сабақтастырып жүрген тәжірибелі шебер. Ол ағаш өңдеу өнерін терең меңгеріп, ұлттық нақыштағы түрлі бұйымдар жасап келеді. Әсіресе, оның қолынан шыққан астаулар, тостағандар, ожаулар мен қасықтар көпшіліктің сұранысына ие. Әрбір бұйым тек тұрмыстың зат қана емес, ұлттық мәдениеттің көрінісі ретінде ерекше бағаланады.



Қазақ халқы ежелден ағаштан жасалған ыдыстарды кеңінен пайдаланған. Астау – қонақ күткенде ет тартуға арналған қасиетті ыдыстардың бірі. Ал тостаған, ожау, қасық сияқты бұйымдар күнделікті тұрмыста маңызды рөл атқарған. Мұндай бұйымдар табиғи материалдан жасалғандықтан, денсаулыққа да пайдалы әрі ұзақ уақыт сақталады. Әли ұстаз осы ата дәстүрді қайта жаңғыртып, оған жаңа өмір сыйлап отыр. Шебердің айтуынша, ағашпен жұмыс істеу – үлкен шыдамдылық пен шеберлікті талап етеді. Әрбір ағаштың өз мінезі, өз ерекшелігі бар. Сол ерекшелікті сезініп, оны дұрыс өңдей білу – нағыз шебердің қолынан ғана келеді. Әли ағай әр бұйымды жасағанда оның сапасына ғана емес, эстетикалық көрінісіне де ерекше мән береді. Ол ұлттық ою-өрнектерді үйлесімді қолдана отырып, әрбір затты көркем туындыға айналдырады. Әли ұстаздың тағы бір ерекшелігі – ол тек шебер ғана емес, нағыз тәлімгер. Ол өз білімін жас ұрпаққа үйретіп, қолөнердің қыр-сырын шәкірттеріне жеткізуде. Жастарға ағаш ою, бұйым жасау, ұлттық нақыштарды түсіндіру арқылы олардың бойында еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Бұл – ұлттық мұраны сақтап қалудың және оны болашаққа жеткізудің маңызды жолы. Қазіргі таңда заманауи технологиялар дамығанымен, қолөнердің орны ерекше. Өйткені қолмен жасалған әрбір бұйымда шебердің жан дүниесі, еңбегі мен ықыласы сезіледі. Мұндай дүниелер ешқашан өз құндылығын жоғалтпайды. Әли ұстаздың еңбегі де осының айқын дәлелі. Оның жасаған астаулары мен қазақы ыдыстары тек тұрмыста қолданылып қана қоймай, сыйлық ретінде де жоғары бағаланып келеді. Еңбек адамының қоғамдағы рөлі әрқашан жоғары. Олар өз еңбегі арқылы елдің дамуына үлес қосып, өзгелерге үлгі болады. Әли ұстаз сияқты шеберлер – ұлттық мәдениетті сақтаушы, рухани байлықты арттырушы жандар. Олардың еңбегі арқылы халықтың дәстүрі жаңғырып, ұлттық болмысы нығая түседі. Сонымен қатар, мұндай жандардың еңбегі жастарды тәрбиелеуде де үлкен рөл атқарады. Қазіргі жастар дайын өнімге үйреніп бара жатқан заманда, қолмен еңбек етудің қадірін түсіндіру өте маңызды. Әли ұстаз өз ісі арқылы жастарға еңбекқорлықтың, табандылықтың және сабырлылықтың маңызын көрсетіп келеді. Қорытындылай келе, «Еңбек адамы – ел байлығы» деген сөздің терең мағынасы бар. Елдің шынайы байлығы – оның табиғи ресурстары ғана емес, ең алдымен еңбекқор, адал азаматтары. Әли ұстаз сияқты қолөнер шеберлері – сол байлықтың жарқын көрінісі. Олар ұлттық мұраны сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізу жолында аянбай еңбек етуде. Мұндай жандарға құрмет көрсету – әрбір азаматтың парызы.

Е.Айдарұлы

БУДУЩЕЕ КАЗАХСТАНА В РУКАХ МОЛОДЕЖИ



Молодёжь – это движущая сила любого общества, главный ресурс и стратегический потенциал государства. Именно от её знаний, стремлений, ценностей и активной жизненной позиции зависит, каким будет завтрашний день страны. Казахстан как независимое и динамично развивающееся государство, возлагает большие надежды на молодое поколение, ведь будущее страны действительно находится в руках молодежи.

Современная молодёжь Казахстана живёт в эпоху стремительных изменений, цифровых технологий и глобализации. Перед ней открываются широкие возможности для получения качественного образования, развития профессиональных навыков и реализации своих идей. Государство активно поддерживает молодёжь через различные образовательные программы, гранты, стартап-проекты и инициативы, направленные на развитие науки, бизнеса и инноваций. Однако вместе с возможностями растёт и ответственность. Молодёжь должна не только пользоваться предоставленными шансами, но и осознавать свою роль в обществе. Важно стремиться к знаниям, развивать критическое мышление, быть конкурентоспособными и готовыми к вызовам современного мира. Только образованная, целеустремлённая и инициативная молодёжь способна внести вклад в развитие страны. Особую роль играет патриотизм и уважение к национальным ценностям. Сохраняя культурное наследие, язык и традиции, молодёжь формирует духовную основу общества. При этом важно сочетать уважение к прошлому с открытостью к новым идеям и инновациям. Такой баланс позволяет стране развиваться, не теряя своей идентичности. Кроме того, молодёжь активно участвует в общественной жизни. Волонтерские движения, экологические акции, социальные проекты – всё это свидетельствует о неравнодушии молодых людей к судьбе своей страны. Они стремятся сделать Казахстан лучше, чище и справедливее. Немаловажным является и развитие предпринимательства среди молодёжи. Молодые предприниматели создают новые рабочие места, внедряют современные технологии и способствуют экономическому росту. Их энергия, креативность и готовность к риску становятся важным фактором развития экономики. В то же время существуют и определённые вызовы: безработица, влияние социальных сетей, риск утраты нравственных ориентиров. Важно, чтобы молодёжь умела противостоять негативным факторам, делала осознанный выбор и стремилась к саморазвитию. Большую роль в формировании будущего играет образование. Учителя, наставники и родители должны поддерживать молодых людей, направлять их и помогать раскрывать потенциал. Инвестиции в образование – это инвестиции в будущее страны. В заключение можно сказать, что будущее Казахстана действительно зависит от молодёжи. Именно она будет строить экономику, развивать науку, сохранять культуру и укреплять государственность. Поэтому важно уже сегодня создавать условия для её развития, поддерживать инициативы и воспитывать ответственное поколение. Сильная, образованная и патриотичная молодёжь – залог процветания Казахстана.

Г.Абиров

МЫ ПРОТИВ КОРРУПЦИИ

Коррупция – одна из самых серьёзных проблем современного общества, которая препятствует развитию государства, подрывает экономику и разрушает доверие граждан к власти. Она проявляется в виде взяточничества, злоупотребления служебным положением, незаконного получения выгоды и других противоправных действий. Борьба с коррупцией – это задача не только государственных органов, но и каждого гражданина.

Коррупция негативно влияет на все сферы жизни общества. В экономике она тормозит развитие бизнеса, отпугивает инвесторов и создаёт неравные условия конкуренции. В социальной сфере приводит к несправедливому распределению ресурсов, снижает качество образования, медицины и других важных услуг. В результате страдают обычные граждане, а уровень жизни в стране снижается.

В Казахстане борьба с коррупцией является одним из приоритетных направлений государственной политики. Принимаются законы, усиливается контроль за деятельностью государственных органов, внедряются цифровые технологии, которые снижают влияние человеческого фактора. Электронные государственные услуги позволяют минимизировать прямой контакт между гражданами и чиновниками, что значительно уменьшает риск коррупционных действий.

Однако одних только мер со стороны государства недостаточно. Важно формировать в обществе нетерпимость к коррупции. Каждый человек должен понимать, что даже мелкая взятка – это нарушение закона и вклад в распространение этой проблемы. Честность, справедливость и ответственность должны стать основными принципами поведения граждан.

Особую роль в противодействии коррупции играет молодёжь. Именно молодое поколение формирует будущее страны, и от его ценностей зависит, каким будет общество завтра. Важно воспитывать у молодых людей уважение к закону, стремление к честному труду и неприятие любых проявлений коррупции.

Большое значение имеет и просветительская работа. Проведение лекций, семинаров, информационных кампаний помогает повысить уровень правовой грамотности населения. Средства массовой информации также играют важную роль, освещая случаи коррупции и формируя общественное мнение.

Каждый гражданин может внести свой вклад в борьбу с коррупцией. Не давать и не брать взятки, соблюдать законы, сообщать о правонарушениях – это простые, но эффективные шаги на пути к честному обществу.

В заключение стоит отметить, что коррупция – это общее зло, с которым можно справиться только совместными усилиями. Мы против коррупции, потому что хотим жить в справедливом, честном и развитом государстве. Только объединив усилия, можно построить общество, где закон и справедливость будут стоять на первом месте.

ТӘРТІП ПЕН ТАЛАП: ЖАСТАРМЕН АШЫҚ ӘНГІМЕ



Қазіргі қоғамда жастардың рөлі ерекше. Олар – елдің ертеңі, болашақтың тірегі. Сондықтан да жастардың тәртібі мен оларға қойылатын талаптар әрдайым маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Тәртіп бар жерде – тұрақтылық, ал талап бар жерде – даму бар. Осы тұрғыда жастармен ашық әңгіме жүргізу – олардың дұрыс бағытта қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Тәртіп – әрбір азаматтың қоғамдағы орнын айқындайтын басты қағидалардың бірі. Заңға бағыну, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету – бәрі де тәртіптің көрінісі. Жастар осы құндылықтарды бойына сіңірсе, олардан саналы, жауапкершілігі жоғары азамат қалыптасары сөзсіз. Талап – адамның алға жылжуына жол ашатын күш. Жастарға қойылатын талап олардың қабілетін шыңдап, өз-өзін дамытуына мүмкіндік береді. Білімге ұмтылу, еңбекқор болу, уақытты тиімді пайдалану – бұл да талаптың бір бөлігі. Егер талап дұрыс қойылып, әділ бағаланса, жастар өз мүмкіндігін толық аша алады. Жастармен ашық әңгіме жүргізудің маңызы зор. Ашық пікір алмасу арқылы олардың ойы тыңдалып, мәселелері анықталады. Бұл өз кезегінде сенім мен түсіністікті арттырады. Жастар өздерін қоғамның маңызды бөлігі ретінде сезініп, жауапкершілікті тереңірек ұғына бастайды. Сонымен қатар, заң мен тәртіп мәселелері де осындай әңгімелердің өзегіне айналуы тиіс. Жастар құқықтық сауатты болса, олар теріс әрекеттерден аулақ болып, ел болашағын дұрыс бағытта құра алады. Заңды құрметтеу – өркениетті қоғамның белгісі екенін түсіну аса маңызды. Осы тұрғыда Ескелді ауданының жастарымен біраз ой бөліскен едік.

-Асан, қазіргі қоғамдағы «заң мен тәртіп» ұғымына қандай түсінік берер едіңіз?

-Бүгінгі таңдағы «заң мен тәртіп» ұғымын мен қоғамдағы тұрақтылық пен әділдіктің негізі деп түсінемін. Заң – барлығына ортақ ереже, ал тәртіп – сол заңдарды күнделікті өмірде сақтау. Егер әр адам заңға құрметпен қарап, тәртіпті сақтаса, қоғамда қауіпсіздік те, сенім де артады. Қазіргі кезде заң мен тәртіп тек жазалау құралы емес, керісінше адамдардың құқықтарын қорғап, олардың еркін өмір сүруіне жағдай жасайтын маңызды жүйе деп ойлаймын.

-Жастарға жасалып жатқан мүмкіндіктер туралы өз ойыңызды білдірсеңіз?

-Жастарға жасалып жатқан мүмкіндіктер туралы айтқанда, бүгінгі қоғамның олардың болашағына айрықша көңіл бөліп отырғанын атап өтпеу мүмкін емес. Қай салаға көз салсақ та, білім алуға, кәсіп игеруге, шығармашылықпен айналысуға және өз қабілетін дамытуға арналған жолдар кеңейіп келеді. Жастар – елдің ертеңі болғандықтан, оларға артылар сенім де, жүктелер жауапкершілік те зор. Сол себепті мемлекет тарапынан түрлі білім беру бағдарламалары, гранттар, жастар бастамаларын қолдау жобалары жүзеге асырылуда. Мұның бәрі жас буынның өз мүмкіндігін толық ашуына бағытталған игі қадамдар. Сонымен қатар, бүгінгі таңда жастарға тек мүмкіндік беріліп қана қоймай, олардың ой-пікіріне де құлақ асу үрдісі қалыптасып келеді. Бұл – олардың қоғам өміріне белсене араласуына жол ашатын маңызды фактор. Жас ұрпаққа сенім арту – олардың жігерін шыңдап, болашаққа деген құлшынысын арттыра түседі.

-Жангелді Тазабекұлы, біздің келелі ой бөлісуімізге келіскеніңіз үшін алғыс білдіреміз... Сіздің ойыңызша, бүгінгі жастардың басты мақсаты қандай болуы керек?

-Менің ойымша, бүгінгі жастардың басты мақсаты – өз өмірінде нақты бағытын тауып, елге пайдасы тиетін, қоғамға үлгі боларлық саналы әрі білімді азамат болып қалыптасу. Қазіргі заманның талабы да осыны қажет етеді: әр жас өз қабілетін дамытып, үздіксіз білім алып, еңбекке адал қарап, таңдаған саласының нағыз маманы болуға ұмтылуы керек. Жастар үшін тек жеке жетістікке жету ғана емес, сонымен қатар қоғамның дамуына өз үлесін қосу да маңызды. Өйткені елдің болашағы – білімді, ойы ұшқыр, жауапкершілігі жоғары жастардың қолында. Сондықтан әр жас өз мүмкіндігін толық пайдаланып, жаңа идеяларға ашық болып, қиындыққа мойымай, алға қарай ұмтылуы тиіс. Осылайша, бүгінгі жастардың басты мақсаты – өз болашағын жарқын ете отырып, туған еліне қызмет ететін, рухы мықты, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасу деп білемін.

-Жастар үшін ең маңызды құндылық қандай деп санайсыз?

-Жастар үшін ең маңызды құндылық – адамгершілік пен жауапкершілік. Адамгершілік болса, адам өз ортасына сыйлы болады, дұрыс пен бұрысты ажырата біледі, ешкімге қиянат жасамайды. Ал жауапкершілік – адамның өз ісіне, сезіне және болашағына бейжай қарамай, әр қадамын ойланyp жасауына көмектеседі. Осы екі құндылық қатар жүргенде, жас адам білімді де, еңбекқор да, елге пайдасы тиетін азамат болып қалыптасады.

-Бүгінгі ұрпақтың құқықтық сауаты қандай деңгейде деп бағалайсыз?

-Әр тұлғаның құқықтық сауаты әрқелкі деңгейде. Бір бөлігі заңды жақсы біліп, өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсініп, қоғамдық өмірге белсенді араласып жүр. Олар қажет жағдайда заңға сүйеніп әрекет етуді, өз ойын мәдениетті түрде қорғауды біледі. Бұл – қазіргі білім беру жүйесі мен ақпараттың қолжетімділігінің нәтижесі. Дегенмен, кейбір жастардың құқықтық сауаты әлі де жеткілікті деңгейде емес. Олар өз құқықтарын толық білмеуі немесе заң талаптарына бейжай қарауы мүмкін. Соның салдарынан кей жағдайларда жауапсыз әрекеттерге жол беріліп жатады. Бұл, әсіресе, құқықтық білімді тереңдету мен түсіндіру жұмыстарының әлі де қажет екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, жастардың құқықтық мәдениетін арттыру – тек мектептің немесе бір мекеменің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Ашық түсіндіру, тәрбие жұмыстары, құқықтық сауат беретін кездесулер мен пікір алмасулар жиі ұйымдастырылса, жастардың бұл бағыттағы білімі де, жауапкершілігі де арта түсері сөзсіз.

Надира Әсіпқызы, сізді бүгінгі ой – бөлісу айдарынан көргенімізге қуаныштымыз. Сізді соңғы жылдары жақсы танып, біліп келеміз. Сіздің бүгінгі жас ұрпаққа қосып жүрген үлесіңіз ұшан-теңіз. Таза Қазақстан акциясын қолдап, аудан жастарын жақсылыққа жарыстырып, тазалыққа баулып, жан-жақты қоғамға қосқан үлесіңізге тәнтіміз... сіздей асыл жанды жанмен ой бөлісу біз үшін бір белес....

Өмірлік ұстанымыңыз қандай?

Әр адамның өмірінде оны алға жетелейтін, қиын сәтте демеу болатын ішкі қағидалары болады. Менің өмірлік ұстанымым – адалдық, еңбекқорлық және өз ісіме жауапкершілікпен қарау. Осы үш құндылық адамды дұрыс жолдан тайдырмай, кез келген жағдайда тура бағытта жүруге көмектеседі деп есептеймін.

Ең алдымен, адалдық – мен үшін ең басты ұстанымдардың бірі. Адам шыншыл болып, өз сөзі мен ісіне берік болса, ол айналасындағы адамдардың сеніміне ие болады. Сенім бар жерде сыйластық та, тұрақтылық та болады. Сондықтан қандай жағдай болмасын, адал жолды таңдауға тырысамын.

Екіншіден, еңбекқорлық – табысқа жетудің негізгі кілті. Адам тек армандап қана қоймай, сол арманына жету үшін еңбек етуі керек. Қандай да бір жетістікке бірден жету мүмкін емес, ол үшін уақыт, төзім және үздіксіз еңбек қажет. Мен үшін еңбек ету – өмірдің мәнін арттыратын маңызды процесс.

Үшіншіден, жауапкершілік – әр адамның өз ісіне деген көзқарасын білдіреді. Адам өз әрекетінің нәтижесін түсініп, оны мойындай алуы керек. Жауапкершілік бар жерде тәртіп те, тұрақтылық та болады. Сондықтан мен әр ісіме мұқият қарап, оны соңына дейін жеткізуге тырысамын.

Қиындықтарды қалай жеңесіз?

Өмірде қиындықсыз адам болмайды. Әр адам өз жолында түрлі сынақтарға, кедергілерге кездеседі. Бірақ маңыздысы – сол қиындықтардың өзінде берілмей, оларды жеңудің жолын таба білу. Мен үшін қиындықтарды жеңу – ең алдымен сабыр сақтап, дұрыс шешім қабылдаудан басталады.

Қандай жағдай болмасын, мен сабырлылықты сақтауға тырысамын. Себебі асығыстықпен қабылданған шешім көбіне қате болады. Ал сабыр – ойды жинақтап, жағдайды дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Қиын сәтте эмоцияға берілмей, салқынқанды болу – кез келген мәселені шешудің алғашқы қадамы.

Екіншіден, мен қиындықты жеңудің жолын іздеуде білім мен тәжірибеге сүйенемін. Ақпарат іздеу, ақыл-кеңес сұрау, бұрынғы қателіктерден сабақ алу – мұның бәрі адамды шыңдайды. Әрбір қиындықтың өз сабағы бар, сол сабақты түсінген адам міндетті түрде алға жылжиды.

Сонымен қатар, мен үшін қолдау мен сенімнің де маңызы зор. Жақын адамдардың демеуі, өз-өзіне деген сенім қиын сәттерде күш береді. Адам өзіне сенсе, кез келген кедергіні еңсере алады деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, қиындықтарды жеңу – сабыр, білім, тәжірибе және сенімнің үйлесімі. Қиындықтар адамды әлсірету үшін емес, керісінше шыңдау үшін беріледі. Сол себепті әр сынақты жаңа мүмкіндік ретінде қабылдап, алға ұмтылу қажет деп санаймын.

Осы айтылған ойларды түйіндеп, жастарға қандай насихат берер едіңіз?

Мен жастарға ең алдымен өмірде адал болуды, білімге ұмтылуды және еңбекқорлықты басты ұстаным етуге кеңес берер едім. Қай заманда да адамды алға жетелейтін күш – білім мен еңбек. Сондықтан әр жас өз мүмкіндігін жібермей, уақытын тиімді пайдаланып, өзін-өзі дамытуға тырысуы керек.

Сонымен қатар, тәртіп пен жауапкершілікті ұмытпау маңызды. Заңды құрметтеп, қоғамда дұрыс мінез-құлық таныту – мәдениетті азаматтың белгісі. Жастар бір-біріне қолдау көрсетіп, жақсы орта қалыптастырса, олардың болашағы да жарқын болары сөзсіз.

Қорытындылай келе, жастарға айтар насихатым – армандарыңызға сеніңіздер, бірақ оған тек еңбек пен табандылық арқылы жетуге болатынын есте сақтаңыздар.

Ә.Төлеқызы

ЕСКЕЛДІ ТОПЫРАҒЫНАН ШЫҚҚАН ДАРА ТҰЛҒА

Темірғали Рүстембеков – Жетісу өңіріндегі Ескелді ауданының тұмасы, елінің дамуына үлес қосқан көрнекті тұлғалардың бірі. Оның өмір жолы туған жерге деген сүйіспеншілік пен адал еңбектің жарқын үлгісі болып табылады. Осындай азаматтардың еңбегі арқылы өңірдің ғана емес, тұтас елдің өркендеуі қамтамасыз етіледі.

Темірғали Рүстембеков Ескелді ауданының қарапайым отбасында дүниеге келген. Балалық шағы ауыл тіршілігімен тығыз байланысты болды. Табиғаты көркем, еңбекқор жандар мекен еткен бұл өңір оның тұлға болып қалыптасуына ерекше әсер етті. Жастайынан ол үлкендердің еңбегін көріп өсіп, жауапкершілік пен табандылықты бойына сіңірді. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ білімге деген құштарлығымен көзге түсіп, өз қатарластары арасында алғырлығымен ерекшеленді.

Білім жолында Темірғали Рүстембеков үлкен табандылық танытты. Ол алған білімін тереңдетіп, өз мамандығының қыр-сырын меңгеруге ерекше көңіл бөлді. Жоғары оқу орнында да үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп, болашақ кәсіби қызметіне берік негіз қалады. Оның ізденімпаздығы мен еңбекқорлығы оны өз ісінің шеберіне айналдырды.

Қызмет жолында Темірғали Рүстембеков өзін жауапты, іскер және әділ азамат ретінде танытты. Қандай қызмет атқарса да, ол халықтың сенімін ақтауға тырысты. Әсіресе, туған жері – Ескелді ауданының дамуына қосқан үлесі ерекше атап өтуге тұрарлық. Ол өңірдің әлеуметтік жағдайын жақсарту, инфрақұрылымды дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында аянбай еңбек етті.

Темірғали Рүстембековтің бойындағы адамгершілік қасиеттері оның тұлғасын одан әрі биіктете түсті. Ол әрдайым қарапайымдылықты сақтап, адамдармен ашық әрі әділ қарым-қатынас орната білді. Әріптестері мен ауылдастары оны сенімді, парасатты азамат ретінде бағалады. Ол тек басшы ретінде ғана емес, сонымен қатар жастарға бағыт-бағдар беретін тәлімгер ретінде де танылды.

Жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Темірғали Рүстембеков олардың білім алып, елге қызмет ететін саналы азамат болып қалыптасуын басты мақсаттардың бірі деп санады. Ол жас буынға үміт артып, олардың бастамаларын қолдауға әрдайым дайын болды. Бұл оның болашаққа деген сенімінің айқын көрінісі еді.

Темірғали Рүстембековтің шығармашылығы – оның тұлғасының ерекше бір қыры, ішкі жан дүниесінің айнасы іспетті. Көпшілік оны қоғамдық қызметі арқылы таныса, оның шығармашылық әлемі тереңірек үңілген адамға ғана ашылады. Бұл қыры оның ойшылдығын, сезімталдығын және рухани байлығын айқын көрсетеді.

Темірғали Рүстембеков шығармашылыққа жай ғана әуесқойлық ретінде қарамаған. Ол үшін бұл – өмірді танудың, өз ойын жеткізудің және қоғамдағы құбылыстарға көзқарасын білдірудің маңызды құралы болды. Оның туындыларында туған жерге деген сүйіспеншілік, ел тағдырына деген алаңдаушылық, адамгершілік құндылықтарға деген құрмет айқын көрініс табады.

Оның шығармаларында Ескелді ауданының табиғаты, ауыл өмірінің тыныс-тіршілігі ерекше суреттеледі. Ол туған жердің әрбір көрінісін жүрекпен сезініп, оны әсерлі тілмен жеткізе білді. Бұл арқылы оқырман тек мәтінді оқып қана қоймай, сол ортаны көз алдына елестетіп, автордың сезімін бірге сезіне алады.

Темірғали Рүстембековтің шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі – адам және оның қоғамдағы орны. Ол адам бойындағы жақсы қасиеттерді дәріптеп, адалдық, әділдік, еңбекқорлық секілді құндылықтарды алға тартады. Сонымен қатар, қоғамдағы кемшіліктерді де назардан тыс қалдырмай, оларды ойлы түрде жеткізе білген.

Оның шығармашылық стилі қарапайым әрі терең мағыналы. Ол күрделі сөздер мен ауыр тіркестерді қолданудан гәрі, қарапайым тіл арқылы үлкен ой айтуды жөн көрген. Бұл оның туындыларының көпшілікке түсінікті әрі әсерлі етеді. Әрбір сөйлемінде өмірлік тәжірибе мен шынайылық сезіледі.

Тағы бір ерекшелігі – оның шығармаларындағы шынайылық. Ол ой-дан шығарылған дүниелерге емес, өмірде көрген-білгеніне, бастан өткерген жағдайларына сүйеніп жазған. Сол себепті оның туындылары оқырманға жақын әрі сенімді болып қабылданады. Терең ой мен шынайы сезімнің үйлесімі. Оның туындылары арқылы біз оның ішкі жан дүниесін, өмірге деген көзқарасын және адамгершілік ұстанымдарын танымыз. Бұл шығармашылық мұра – тек әдеби құндылық қана емес, сонымен қатар тәрбиелік мәні зор рухани қазына.

Қорытындылай келе, Темірғали Рүстембеков – Ескелді ауданының мақтанышы, елінің нағыз патриоты. Оның өмірі мен еңбегі – туған жерін сүйетін әрбір азамат үшін үлгі. Осындай тұлғалардың өнегесі арқылы жас ұрпақ елін құрметтеп, оның дамуына өз үлесін қосуға ұмтылады.

Д. Ерболқызы

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫҢ АЛУ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Құқық бұзушылық – бұл қоғамда белгіленген заң нормаларын бұзу, яғни адамның немесе ұйымның заңға қайшы әрекет жасауы. Ол қоғамның тұрақтылығы мен тәртібіне зиян келтіреді және мемлекет тарапынан жауапкершілікке әкеледі.

Құқық бұзушылықтың негізгі екі түрі бар: қылмыс және әкімшілік құқық бұзушылық. Қылмыс – қоғамдық қауіптілігі жоғары әрекет. Оған ұрлық, алаяқтық, адамға зиян келтіру сияқты істер жатады. Ал әкімшілік құқық бұзушылықтар – жол ережесін бұзу, қоғамдық орындарда тәртіпсіздік жасау сияқты жеңілдеу құқық бұзушылықтар. Құқық бұзушылықтың пайда болу себептері әртүрлі болуы мүмкін. Олардың қатарына әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық, құқықтық білімнің төмендігі, отбасындағы тәрбие мәселелері жатады. Кейде адамдар заңды білмегендіктен немесе жауапкершілікті сезінбегендіктен құқық бұзады. Әрбір құқық бұзушылық үшін заңда белгіленген жаза бар. Жаза түрлері айыппұл салу, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе айыру болуы мүмкін. Жазаның мақсаты – тек жазалау емес, сонымен қатар құқық бұзушыны түзету және басқа адамдарға сабақ беру. Құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғам үшін маңызды міндет. Ол үшін халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, жастарға дұрыс тәрбие беру, әлеуметтік жағдайды жақсарту қажет. Әр адам заңды құрметтеп, өз әрекетіне жауапкершілікпен қараса, қоғамда тәртіп пен әділдік орнайды.

Қорытындылай келе, құқық бұзушылық – қоғамға қауіпті құбылыс. Онымен күресу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Пай-пай, шіркін -75!
Желмаядай желпініп,
Желіп келген-75!
Жақсы өмірді шын сүйіп,
Сеніп келген-75!
Қиындыққа бас имей,
Көніп келген-75!
Еркіндікке еджіреп,
Ерік берген-75!
Қара шашқа ақ кіріп,
Керік берген-75!
Тіршіліктің жемісін,
Теріп келеген-75!
Өлең-жырды жасымнан,
Сүйіп өткен-75!
Әділдікті қашанда,
Биік өткен-75!
Елім үшін басымды,
Иіп өткен-75!
Өрең биік әрдайым,
Өрлет көні-75!
Тәрден орын берейін,
Төрлет көні-75! - деп жетпіс бес жасымды жырға қосыппын. Сол жетпіс бестің жемісін теріп жей алдым ба? Бір Аллаға ғана аян. Алқынбай, аптықтап, шалдықпай осы белестің шыңына шыққаным тәңірге тәуба деймін. Жетпіс бесім- 69-дай көрінеді. Бірақ шығарды мені төріне енді. Өткен күндермен өткен уақыт, өмірдің өзімен өріледі. Санамен өлшеп, санаға салсаңыз- ондықтың жетеуі мен бесі ғана. Осы жеті бестікте не бітірдім? Қандай іс, артымда қандай із қалдырдым?-деген сауал көкейіме оралады. Ойланасың, толғанасың. Жалғыз қалсаң мұңаясың, бірақ оныңды кім аясың? Отырып өлең-жырға үңілесің, бір тәңірге медет қылып жүгінесің! Өмірдің кейбір өділетсіздігіне жолықсың, өз-өзіңнен түңілесің!

Бұл жасқа жете алмай арманда кеткен Төлеген, Мұқағали, Жұматай, Кеңшілік т. б. ағаларымды ой елегінен өткізсем, көкірегімді өкініш пен мұң ұялайды. Олардың біразын кезіммен көріп, ақыл парасаттарына үңілдім; жаман болғаным жоқ, жырларынан нәр алдым, жүрегімнің қалауымен, керегін бойыма сіңірдім.

Менің кешегі балалық шағым – бақытты күндерім! Жоқшылық деп айтпаймын, көпшілікпен бірге өстім. Қатарымнан қалмадым, жамандыққа бармадым, арман қуып талпынудан талмадым. Өмір атты толқып аққан өзенде, осы ғұмырымды өлең-жырға арнадым! Соқпақ жолда сүріндім, бірақ түңілмедім; жығылсамда жамандарға жалынып-жалбарынып жүгінбедім. Қайта тұрдым, қалпыма келдім; бойымдағы бар жиған жақсылығымды жалпыға бердім. Алла өзі егерде жебеймін десе, ешқашан толдым, болдым демедім!

Әкем – Ешжан (азан шақырып қойған ата - Ешмұхамбет) жастайынан төрт түліктің төлін баққан, төрелегі тау-дай әке еді. Қолына домбырасын алып шертіп отырып, шерін тарқататын, күй десе күйін тартып, ән десе әнін салатын. Маңайына жамандығы мен қулығы жоқ, өте қарапайым ақ жүректі адам-тұғын. Әлі есімде, бала кезімде қоңыр үнді, қазақтың айтыскер ақыны Темірғали Рүстембековпен (қос жанарынан айырылған) өте жақын араласты. Жаз шыға Мыңбұлақ пен Сарноқай жайлауының төрінде әкемнің шаңырағында қона жатып, жаңырағандарын өз мақамына салып, қоңыр даусымен таң атқанша айтушы еді. Сонда таң қалатын едім. Недеген шабытпенен дарындылық, недеген шар-

КӨП СӨЙЛЕГЕННЕН ГӨРІ, КӨП ТЫҢДАҒАНДЫ ҰНАТАМЫН...

шамайтын қарымдылық!

Анам –Әлпия Тектібайқызы әке-шешесінен жастай жетім қалып, ашаршылықтың ащы дәмін татып өскен. Хат танымаса да Алпамыс, Қобланды, Ер Тарғын, Қыз-жібек, Айман-Шолпан сияқты қазақтың жауһар эпостық жырларын жатқа айтатын. Ауыл арасындағы той-томалақта айтысып та кететін. Абысындар арасынды өткір сөзі мен шындықты шымбайыңа батыра айтатын адуынды мінезі арқылы өте сыйлы болған. Мақал-мәтелдерді мысал ретінде көп айтатын. Және орынсыз емес, орнымен айтушы еді.

Отбасымызда менен үлкен төл басы Жайлаубай ағам мен Сара есімді әпкем болды. Марқұм Жайлаубай бауырым өте спортқа жақын болып өсті. Оның ішінде бокспен айналысып облыстың атынан талай жарыстарға қатысып, жүлделерін алған. Бала кезден қазақтың талантты ақыны Жұматай Жақыпбаевпен өте жақын дос болған. Сонымен бірге ат құлағында ойнайтын бейгелігі мен көкпаршылығы да бар еді. Қазақтың киелі домбырасында күйлерді шебер ойнайтын, қоңыр үнімен ән де салатын. 1945 жылы өмірге келіп, 67 жасында өмірден озып кетті. Кейде Жәукен деп те атайтын достары. Жұматай ақынның «Досқа сыр» деген өлеңі осы досы Жәукенге арналған. Көксу ауданына қарасты Еңбекші совхозында бас зоотехник болып қызмет жасаған жылдары (Совхоздың сол кездегі директоры Социалистік Еңбек Ері Зылхана Тамшыбаева болатын) Нұрғиса Тілендиев ағамыз бастаған «Отырар сазы» оркестрімен қонаққа келіп, ауылдың жаңадан ашылған Мәдениет үйінде үлкен концерт берген еді. Концерт біткенен кейін дастархан басында Жайлаубай бауырым Нұрғиса ағамыздың «Ата толғау» күйін нақышына келтіріп орындап беріпті. Содан Нұрғиса ағамыз риза болып қолындағы домбырасын Жайлаубай бауырыма сыйлап кеткен көрінеді. Сол домбыра бүгінгі немересі Әлихан Жайлаубайдың қолында. Ата жолын қуып Әлихан да шебер күйші болып өсіп келеді. 2015 жылы «Жания -Полиграф» баспасынан Жайлаубай бауырым жайлы «Жалындап өткен бір ғұмыр» (9,0 б.т) атты естелік кітап шығардық. Сол кітапта бауырымның балалық шағынан бастап, қызмет істеген кездеріндегі бастан кешкендері тартымды баяндалады.

Туған әпкем Сара үйлі баранды болып, бүгінде Текелі қаласында бала-шағасымен тұрып жатыр. Жездеміз Мәкен өмірден озып кеткен.

Ал мен болсам үйдің кенжесі болдым. Балалық кезде білмей өстім өмірдің оң мен солын. «А» деп әліппе танып, алғаш қалам ұстауға тиді қолым. Шұбар мектеп-интернатында (Бұрынғы Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы) 4-сыныптан бастап, төрт жыл оқыдым. Сол жылдарымда көп нәрсені үйрендім, өмірдің тәлім-тәрбиесін алдым. Алғаш рет



мектептегі «Шамшырақ» деп аталатын қабырға газетіне Валентина Терешкованың ғарышқа ұшқан күніне орай «Біздің Валя» деген өлең жаздым. Оқушылар құттықтап, қолымды қысты. Бірақ ол кездегі қайбір өлең дейсің, әйтеуір оған да мәз болып, кеудемді мақтаншы сезімі биледі. Алғаш аудандық «Жетісу шұғыласы» газетіне тұңғыш өлемін басылғандағы қуанышымда шек болмады. Содан бастап аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдардан ақырындап көріне бастадым. Сол кездерде «Қазақстан пионері», облыстық «Октябрь туы» газеттерінен хаттар келіп тұратын. Соның бірі облыстық газетте поэзия бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, қазақтың белгілі ақыны Сәкен Имансов ағамыздың қолы қойылған бір бума хаттар әлі күнге мұрағатымда сақтаулы. Сол хаттар өлеңге деген өремді одан әрі өсірді десем артық болмас.

Алғаш рет тірі ақынды көруім былай болды. Туған ауылым қазіргі Алматы облысы, Ескелді ауданы, «Жетісу» ауылы болатын. Сол ауылды Социалистік Еңбек Ері Әбдіқадыр Дайыров деген елге ардақты ағамыз бастық болып басқарды. Ол кісі ақын-жазушылар мен өнер адамдарын ауылымызға жиі шақырып, жиі кездесулер өткізетін. Сол кезде бұлбұл көмей Күләш Байсейітова мен Қанабек Байсейітов, Ермек Серкебаев, ағайынды Абдуллиндер, жазушылар Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, айтыскер ақындарға дейін келіп, аулымызды ән мен жырға бөлейтін.

Бірде жазушы Сайын Мұратбеков бастаған бір топ ақын-жазушылар келді. Орталарында ақиық ақын Мұқағали Мақатаев та бар екен. Ол кісі зор денелі, қалың қою қара шашын салалы саусақтарымен артына сілкілей тарап, өзінің зор даусымен «Жоқ, дәрігер!» деген:

Тула жүрек! Өкінем мен несіне?
Туған жүрек! Әрине, өлмесін бе?
Жоқ! Дәрігер! Қозғама дамылда-сын,
Әрбір жүрек өзінің кеудесінде!
– деген өлеңін шабытпенен

оқыды. Сонда тірі ақынды бірінші рет көруім. Таң тамаша болып, өлеңге деген құштарлығым мен балалық сезімді одан әрі оятып жібергені әлі есімде.

Ал енді осы туған ауылым «Жетісу» орта мектебінен 40- астам ғылым кандидаттар мен докторлар, әншілер, ақын-жазушылар шыққан. Олардың қатарында химия ғылымдарының докторы, академик, марқұм Еділ Ерғожин, химия ғылымдарының докторы Немеребай Нұрахметов, техника ғылымдарының докторы Ыбырайым Туғанбаев, заң ғылымдарының докторлары Өмірәлі Жалайри мен Мақсұт Нәрікбаев, қыздардың арасынан шыққан билогия ғылымдарының кандидаты Құралай Кәрібаева, дарынды талант иесі ақын Жұматай Жақыпбаев,

жазушылар Ораз Исмайылов, Ұзақбай Доспанбетов, Сәбит Биболов, ақын Қыдыр Байдүйсенов, әнші-композитор Ағайша Исағұлова, әнші Нұртай Төребаевтарды атауға болады. Біздің үй Жұматай ақынның үйімен қатарлас болды. Арасын бақша-бауымыз ғана бөліп тұратын. Менің туған бауырым Жайлаубай мен Жұматайдың достықтары өте ғажап және адал болатын. Екуі бірінсіз-бірі тұра алмаушы еді. Қашан болсын бірге жүріп, бір сыныпта бірге оқыды. Ол екуінің арасында бастарынан кешкен талай қызықтарды жеке бір әңгіме қылып айтуға болар еді. Жұматай ағамыздың туған інілері Марат пен кіші інісі Бөкенмен қатар бірге жүріп, спорттың біраз түрімен айналысқан сәттеріміз де болды. Оның ішінде бокстың қыры мен сырын Жұматай ағамыз үйретті. Бірде ақын досы Марат Отаралиевті Алматыдан ертіп келді. Марат ағамыздың қолында жұқалау келген «Қалампыр» деп аталатын өлеңдер жинағы бар екен. Бәріміз таласып-тармасып жүріп оқып шыққаным есімде. Содан болар Марат Отаралиевтің күнге тотыққан қара торы жүзі, артына қайырған қара шашы мен қыр мұрыны менің көз алдымда қалып қойғаны.

Міне, осындай ағаларым мен жайсаң жандардың арқасында, мені де ақындық жолға салып, өлең өріне сүйрегені. Солардың өлең-жырларынан нәр алып, сусындағаным менің бүгінгі бақытым болар. Кейін келе 1968 жылы КазГУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсе алмай, әскер қатарына екі жылдық борышымды өтеуге аттандым. Одан келіп 1972 жылы ақыры осы журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны 1977 жылы бітіріп шықтым. Сол кезде бірге оқыған курстас достарымды марқұм Жәнібек Кәрменов, айтулы ақын Ұлықбек Есдәулетов, Қонысбай Әбілов, Нұртілеу Иманғалиұлы, (марқұмдар) Батық Мәжитов, Марат Абдіхалықов, Мақұлбек Малдарбеков, Қуандық Түменбай, Серік Жәнәбілов, Бақыт Мерекенова, Райхан Ахметова, Гүлсара Қобланова және т. б. мақтан тұтамын. КазГУ-дің сол

кездегі майталман ұстаздары мен профессорлары Мәлік Ғабдуллин, Қайыржан Бекхожин, Тауман Амандосов, Зейнолла Қабдолов, Сұлтанғали Садырбаев, деканамыз Темірбек Қожакеев сияқты ұстаздарымыздан дәріс алғанымыз біздер үшін бір бақыт еді.

Бұл жалғанда тақтайдай сайрап жатқан түзу жолды көрмедім. Оның – бірде өлшенбейтін өрі болса, енді -бірде аяғыңды аспаннан келтіретін ылдиы болады екен. Бұл-тәңірдің пенделеріне беретін сынағы көрінеді. Мен де сол сынақтан өткен жанмын.

XX- ғасыр әдебиет алыптарының бірі саналатын Хорке Луис Борхес: «Болашаққа прозамындығына баратындығына күмәндімін, ұрпақ қазынасына бір өлеңім, ол да болмаса бір шумағым, ең болмағанда бір жолым қосылып жатса ғой» деп армандаған екен. Сол айтқандай болашақ ұрпаққа бір жол өлеңіміз қалып жатса, осының өзін бақыт деп есептер едім.

Жалпы кеуде керіп, менсінбей, масаттанып сөйлейтін жандардан жанымды аулақ ұстаймын. Шынайы достыққа адалмын. Достықтың үш түрі бар,-деп жік-жікке бөледі екен әйгілі режиссер Асқар Тоқпанов «Мұрыннан қан шыққанда дос, қалтадан пұл шыққанша дос және кеудеңнен жан шыққанша дос». Бұл айна қатесіз айтылған жақсы сөз. Мен көп сөйлегеннен гөрі, көп тыңдағанды ұнатамын. Мақтанбаздыққа жаным қас. Осыған байланысты қазақтың мынандай бір сөзін естіп едім: «Күштімін деп мақтанба, сенен күшті тәңір бар. Ауырмын деп мақтанба, сенен ауыр батпан бар. Биікпін деп мақтанба, сенен биік аспан бар. Біреулерге ор қазып, арамдыққа баспаңдар! Толдым, болдым, жеттім деп ешқашанда таспаңдар! Жамандыққа жолығар бар дәулетін шашқандар! Жақсылықпен күн кешсең бар өмірің аспандар!» деген. Менің алға қоған ұстанымым да осы.

Одан бұрын баспа, газет, журналдарда еңбек еттім. Кейінгі жылдары Қазақтың қара шаңырағы Қазақ радиосында он жылдан аса қызмет жасадым. Зейнеткерлікке шықтым. Адамгершілігімнен аспадым, толдым, болдым деп таспадым, жамандардың қылықтарын көріп, олардың жүрген жолын баспадым! Қаламы жүрік қаламгерлер Нұрғазы Шәкеев, Хайдолла Тілемісов, Қоғабай Сәрсекеев, Есләм Зікібаев сияқты ағаларымның тәрбиесін көріп, журналистік шеберліктің қыры мен терең сырына қанықтым десем болады.

Анам Әлпия Тектібайқызы сөзге шебер, нақыл сөздерді бірнен соң бірін мысал қылып көп айтушы еді. Сол анамның мына бір сөзі жанымда қалып қойыпты: «Көкті бу көтерген, жүйрікті ду көтерген. Өлімді ер көтерген, ауырды нар көтерген. Әділдікті ар көтерген, жоқшылықты бар көтерген. Әліңді білетін ақылды, салмағыңды білетін сабырлы бол, балам!» деп түйетін сөзін. Сол айтқандай ақылға салып ардақты, сабырға салып салмақты болғанға не жетсін!

Негізінен, тобықтай сөздің түйіні осы анамның айтқан нақыл сөзіне келіп саяды. Мен де осы жолдан таймауға тырысатын жанмын.

Сайлаубай Тойлыбаев, ақын. Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты.

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін, қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына кері әсер ететін қауіпті құбылыс. Ол әділдік пен заң үстемдігіне нұқсан келтіріп, халықтың билікке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – әрбір азаматтың, қоғамның және мемлекеттің ортақ міндеті.

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі көріністеріне пара алу және беру, қызметтік өкілеттікті жеке пайда үшін пайдалану, заңсыз артықшылықтарға

АДАЛДЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ие болу жатады. Мұндай әрекеттер қоғамдағы теңсіздікті күшейтіп, адал еңбек етіп жүрген азаматтардың құқығын бұзады. Соның салдарынан мемлекет дамуы тежеліп, экономикалық және әлеуметтік жобалардың жүзеге асуына кедергі келеді.

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске ерекше көңіл бөлінуде. Арнайы заңдар қабылданып, бақылау тетіктері күшейтілген. Мемлекеттік органдардың қызметі

ашықтық пен жариялылық қағидаттарына негізделіп келеді. Электронды үкімет жүйесінің дамуы да сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға үлкен ықпал етуде, себебі көптеген қызметтер онлайн түрде көрсетіледі.

Дегенмен, тек заңдар мен мемлекеттік шаралар жеткіліксіз. Сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою үшін қоғамның белсенді қатысуы қажет. Әрбір азамат адалдықты ұстанып, заңсыз әрекеттерге жол бермеуі тиіс. Жастарды ерте жастан әділдікке,

жауапкершілікке және адал еңбекке тәрбиелеу – болашақта жемқорлықсыз қоғам құрудың негізі.

Білім беру ұйымдарында да бұл бағытта көптеген жұмыстар жүргізілуде. Ашық сабақтар, кезде-сулер, түсіндіру шаралары арқылы оқушылар мен студенттерге сыбайлас жемқорлықтың зияны түсіндірілуде. Бұл олардың құқықтық сауаттылығын арттырып, адал азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат

құралдарының да рөлі зор. Теледидар, газет, интернет ресурстар арқылы жемқорлықтың салдары кеңінен насихатталып, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас құқыптастырылуда. Бұл халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға көмектеседі.

Қорытындылай келе, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» қағидасы – тек ұран емес, өмірлік ұстаным болуы тиіс. Әділдік пен адалдық үстемдік құрған қоғам ғана дамыған мемлекет бола алады. Сондықтан әрбір азамат өз үлесін қосып, жемқорлыққа қарсы күресте белсенді болуы қажет.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӨЛЕМДЕРДІ УАҚТЫЛЫ ТӨЛЕМЕУ: МЕРЗІМДІ САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры азаматтардың МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке үздіксіз қол жеткізуінің негізі – аударымдар мен жарналарды уақтылы төлеудің маңыздылығын еске салады.

«Сақтандырылған» мәртебесі тек соңғы 12 ай ішінде төлемдер үзбей жүргізілген жағдайда ғана беріледі. Ал үзіліс болған жағдайда мәртебе уақытша тоқтатылады, бұл МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке қолжетімділікті шектейді.

Жарналар мен аударымдар ай сайын төленуі тиіс. Олардың толық әрі уақтылы төленуін мемлекеттік кірістер органдары бақылайды. Мерзімдер бұзылған жағдайда өсімпұл есептеледі, сондай-ақ салықтық әкімшілендіру шаралары қолданылады.

Мемлекеттік кірістер комитеті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен бірлесіп, МӘМС жүйесіне аударымдар мен жарналарды төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуын тұрақты түрде мониторингтен өткізеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын тұлғалар арасында жарналар мен аударымдарды уақтылы төлемеу жағдайлары жиі тіркелген.

Шектеулердің алдын алу және медициналық көмекке қолжетімділікті сақтау үшін төленбеген кезеңдердің бар-жоғын тексеріп, қажет болған жағдайда өткізіп алған айлар үшін төлем жасаған жөн.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі

НЕСВОЕВРЕМЕННЫЕ ПЛАТЕЖИ В ОСМС: ПОЧЕМУ ВАЖНО СОБЛЮДАТЬ СРОКИ

Фонд социального медицинского страхования напоминает: своевременная уплата взносов и отчислений – это основа непрерывного доступа граждан к медицинской помощи в системе ОСМС.

Статус «застрахован» формируется только при наличии непрерывных платежей за последние 12 месяцев. При перерывах в оплате статус приостанавливается, что ограничивает доступ к медицинской помощи в системе ОСМС.

Взносы и отчисления необходимо уплачивать ежемесячно. Контроль за их полнотой и своевременностью осуществляют органы государственных доходов. При нарушении сроков начисляется пеня, а также применяются меры налогового администрирования.

Комитет государственных доходов совместно с Фондом социального медицинского страхования на постоянной основе осуществляет мониторинг соблюдения обязательств по уплате отчисления и взносов в систему ОСМС.

По итогам 2025 года зафиксированы многочисленные случаи несвоевременной уплаты взносов и отчислений среди работодателей, индивидуальных предпринимателей и лиц, занимающихся частной практикой.

Чтобы избежать ограничений и сохранить доступ к медицинской помощи, рекомендуется заранее проверять наличие неуплаченных периодов и при необходимости произвести уплату за пропущенные месяцы.

Пресс-служба Фонда социального медицинского страхования

МЕТОДЫ ЗАЩИТЫ ОТ ЯДОХИМИКАТОВ



Ядохимикаты (пестициды) – это химические вещества, которые в той или иной степени опасны для здоровья человека, проявляющие свое токсическое действие независимо от пути проникновения в организм (через рот, кожу или органы дыхания), поэтому при работе с ними необходимо строго соблюдать меры предосторожности.

Отравление пестицидами бывает бытовым и производственным.

Сейчас все хозяйства начинают подготовку к севу. Самой главной задачей является подготовка семян и протравливание их.

Во избежание отравления ядохимикатами при проведении сезонных протравочных работ важно соблюдать санитарно-гигиенические нормы, правила техники безопасности:

- Ко всем работам с ядохимикатами допускаются лица не моложе 18 лет, прошедшие медицинский осмотр и допущенные к этим работам. Запрещается допускать к обслуживанию машин кормящих и беременных женщин, подростков и лиц с незаживающими ранами.
- Руководители хозяйств должны обеспечить всех работающих спецодеждой, обувью, рукавицами, перчатками, респираторами, защитными очками. За каждым работником закрепляется комплект индивидуальных защитных средств, которые необходимо периодически обезвреживать, иначе они могут стать источником загрязнения кожи рук, лица, тела, слизистой глаз и дыхательных путей.
- Запрещается курить, принимать пищу во время работы с ядами.
- После окончания работы рабочие должны тщательно мыть руки с мылом, а после работы с пылевидными ядами, кроме того, мыть уши, шею, полоскать рот.
- Остатки ядов, не использованных при выполнении дневного задания, необходимо сдавать на склад.
- Для оказания первой помощи на месте работы должна быть аптечка с набором необходимых средств оказания помощи в случаях отравления ядохимикатами.
- При перевозке ядохимикатов категорически запрещается перевозить вместе с ядохимикатами людей, а также пищевые и фуражные продукты. Машины после перевозки ядохимикатов должны быть тщательно вычищены и обезврежены.
- В предупреждении случаев производственных (профессиональных отравлений) большую роль играют обязательные предварительные медицинские осмотры лиц, поступающих на работы, где имеется контакт с токсическими веществами, и последующие периодические медицинские осмотры этих лиц, с целью выявления нарушений со стороны здоровья рабочих.
- Рабочие (механизаторы и др.), обслуживающие машины, должны быть проинструктированы о правилах и мерах предосторожности при обращении с ядохимикатами.

В быту использовать ядохимикаты нужно строго по инструкции, придерживаясь определенных правил, хранить в недоступных для детей и домашних животных местах. Если препарат вызывает у вас сомнение, лучше его не использовать.

К числу общих признаков отравления ядохимикатами относится рвота, тошнота, головная боль и боль в животе, нарушение дыхания, сердечной деятельности, судороги, явления полиорганной недостаточности, т.е. одновременное или последовательное поражение нескольких систем с первоначальным преобладанием симптомов отказа одной из них.

При первых признаках отравления необходимо вызвать скорой помощи.

Только соблюдение всех вышеуказанных правил, может предотвратить отравление пестицидами.

Е.Сейсембинов,
Руководитель УСЭК
Ескельдинского района
Д.Бектенов,
Ведущий специалист

ИСПОЛНЕНО ПРЕДПИСАНИЕ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ОРГАНА В ОБЛАСТИ ЖЕТИСҰ

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу провёл мониторинг деятельности государственных предприятий.

По итогам мониторинга установлено несоответствие уставных видов деятельности ГКП на ПХВ «Коксуский сельскохозяйственный колледж» и ГКП на ПХВ «Талдыкорганский колледж сервиса и технологий» требованиям постановления Правительсва Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года № 1095, что является нарушением законодательства в сфере защиты конкуренции.

Департаментом вынесены предписания об устранении нарушений.

На сегодняшний день предписания исполнены в полном объёме.

ГУ «АППАРАТ АКИМА АЛДАБЕРГЕНОВСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА» ПРЕДОСТАВЛЯЕТ СЛЕДУЮЩИЕ ВИДЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ:

- «Предоставление земельного участка из земель поселка, села»,
- «Выдача решения изменение целевого назначения»,
- «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведение торгов (аукционов)»,
- «Постановка на очередь на получение земельного участка»,
- «Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку».

Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно- цифровую подпись (ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения (ЦОН) либо в уголке самообслуживания на портале egov.kz либо на сайте rki.gov.kz сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облачке.

Также в здании акимата действует уголок самообслуживания где в любое время вы можете получить все виды вам необходимых услуг, мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении необходимых услуг.

Биболова А.Д. (87283628576),
Главный специалист ГУ «Аппарат акима
Алдабергеновского сельского округа»

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ: ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛЫ



Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы, жер бетіндегі тіршіліктің тірегі. Ол атмосферадағы оттегінің негізгі көзі болып табылады, климатты реттейді, топырақты эрозиядан қорғайды және мыңдаған өсімдіктер мен жануарлардың мекені қызметін атқарады. Сондықтан орманды қорғау – экологиялық тұрақтылықты сақтаудың маңызды шарты. Осы тұрғыда орман шаруашылығындағы өрт қауіпсіздігі ерекше маңызға ие, себебі орман өрттері табиғатқа орасан зор зиян келтіреді.

Орман өрттері – ең қауіпті экологиялық апаттардың бірі. Олар қысқа уақыт ішінде үлкен аумақты қамтып, ағаштар мен өсімдіктерді жойып қана қоймай, жануарлар дүниесіне де орны толмас шығын әкеледі. Сонымен қатар, өрт салдарынан атмосфераға көп мөлшерде зиянды газдар бөлініп, ауа сапасы нашарлайды. Бұл адам денсаулығына да кері әсер етеді.

Орман өрттерінің пайда болу себептері әртүрлі. Табиғи себептердің ішінде найзағай жиі кездеседі. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, өрттердің басым бөлігі адам әрекетіне байланысты туындайды. Демалушылардың сөндірілмеген отты қалдыруы, темекі тұқылдарын тастауы, құрғақ шөпті өртеу сияқты әрекеттер үлкен апатқа әкелуі мүмкін. Кейде техникалық ақаулар мен электр желілерінің істен шығуы да өрттің шығуына себеп болады.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты бағыты – оның алдын алу. Орман шаруашылығында бұл мақсатта бірқатар кешенді шаралар жүзеге асырылады. Біріншіден, орман алқаптары үнемі тазартылып, құрғақ ағаштар мен қураған өсімдіктер жойылады. Бұл жанғыш материалдардың жиналуын азайтады. Екіншіден, арнайы минералдандырылған жолақтар жасалып, өрттің таралуына кедергі келтіріледі. Үшіншіден, орман ішіндегі жолдар мен өртке қарсы инфрақұрылым үнемі бақылауда болады.

Қазіргі таңда заманауи технологиялар өрт қауіпсіздігін арттыруда үлкен рөл атқарады. Спутниктік мониторинг, дрондар, бейнебақылау жүйелері арқылы орман аумағы тәулік бойы қадағаланады. Бұл өрттің алғашқы белгілерін ерте анықтап, жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Ерте анықталған өртті сөндіру әлдеқайда жеңіл және тиімді.

Өртті сөндіру – күрделі әрі қауіпті процесс. Ол арнайы дайындықты, техника мен үйлесімді әрекетті талап етеді. Орман шаруашылығы қызметкерлері мен өрт сөндірушілер арнайы оқытудан өтіп, түрлі жағдайларда әрекет етуге дайын болуы тиіс. Өртті сөндіру үшін су тасымалдаушы көліктер, өрт сөндіргіш құралдар, сондай-ақ тікұшақтар мен ұшақтар қолданылады. Кей жағдайларда өрттің таралуын тоқтату үшін қарсы от қою әдісі де пайдаланылады.

Орман өрттеріне қарсы күресте халықтың рөлі де ерекше. Әрбір адам табиғат аясында демалғанда өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауы тиіс. Отты толық сөндірмей кетпеу, қоқысты өртемеу, темекі қалдықтарын тастамау – қарапайым, бірақ маңызды талаптар. Сонымен қатар, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру – өрттің алдын алудың тиімді жолдарының бірі.

Білім беру мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдары да бұл бағытта маңызды қызмет атқарады. Өрт қауіпсіздігі туралы ақпараттарды кеңінен тарату, арнайы акциялар мен іс-шаралар өткізу арқылы қоғамның назарын осы мәселеге аударуға болады. Бұл адамдардың жауапкершілігін арттырып, табиғатқа деген жанашырлықты қалыптастырады.

Қорытындылай келе, орман шаруашылығындағы өрт қауіпсіздігі – табиғатты қорғаудың негізгі жолдарының бірі. Бұл бағыттағы жұмыстар тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның бірлескен әрекетін талап етеді. Әрбір адам өз үлесін қосқанда ғана ормандарды сақтап, экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ете аламыз. Табиғатты қорғау – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті міндет.

Жексентай Ержан,
Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы,Кексу
орман шаруашылығының орман күтушісі

2026 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап 273 371 өтініш орындалып, жалпы сомасы 46,83 миллион АҚШ долларынан астам қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды. Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 29,40 млн АҚШ долларына 171 696 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 17,43 млн АҚШ долларына 101 675 өтініш қанағаттандырылды. Нысаналы жинақтарды (НЖ) алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғынүйдіжақсартуғаарналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаты – одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (28,79 млн АҚШ долларына 167 776 өтініш орындалды). Сонымен қатар тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу үшін 214,39 мың АҚШ долларына 1345 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 144,47 мың АҚШ долларына 938 өтініш қанағаттандырылды.

НЖ-ны білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаты – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (16,32 млн АҚШ долларына 93 586 өтініш орындалды). Бұдан бөлек білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (748,76 мың АҚШ долларына 5 590 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУҒА 46,8 МЛН-НАН АСА АҚШ ДОЛЛАРЫ БАҒЫТТАЛДЫ

көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (294,58 мың АҚШ долларына 2 018 өтініш орындалды) төлем жасалды.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға 130,71 АҚШ доллары кезекті есептеу жүргізілді.

2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы - 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда) :

- үшінші жыл - 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл - 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында 130 доллар 71 цент.

Кәмелетке толмаған

балалардың бағдарламаға қатысуын оның ата-анасы мен өзге де заңды өкілдері баланың ЖСН енгізе отырып, kids.enpf.kz сайты, eGov.kz электронды үкімет порталындағы жеке кабинет, eGov Mobile және бірқатар екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы тексере алады.

Егер 2025 жылы балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы мәлімет көрінбей тұрса, онда қосымшалардағы құжаттарды келесі әдіспен жаңарту керек:

-eGov Mobile қосымшасында: «Цифрлық құжаттар» - «Отбасы» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан түсімдер».

-Банктердің мобильді қосымшаларында(мысалы, Kaspi.kz): «Мемлекеттік қызметтер» - «Барлық құжаттар» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан түсімдер».

Заңды өкілдің жеке кабинетінде ағымдағы жылы 18 жасқа толған не толатын балаларға нысаналы талаптарды есептеу туралы мәліметтердің болмауы нысаналы талаптардың НЖ мәртебесін алуына және осыған байланысты бала туралы ақпаратқа қол жеткізу тікелей НЖ алушыға (2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азаматқа) беріледі. Аталған тұлғалар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы дербес алуы тиіс, содан кейін 18 жасқа толған кезде уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу үшін ОЖ төлеуге онлайн-өтініш беру үшін жүгінуі тиіс.

Бүгінгі күні уәкілетті операторлар:

-«Отбасы банкі» АҚ (тұрғын үй және білім алу ақысын төлеу),
-«Халық банкі» АҚ (білім алу ақысын төлеу),
"Банк ЦентрКредит" АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы кәмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды кәмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статисти-камен enpf.kz сайтында танысуға болады.

kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала кәмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында көруге болады:

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ж.Б. Құрмановтың бейнемүсініктемесі:

<https://www.youtube.com/watch?v=APg2vATmMk0>

«БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры М.Т. Шәріповтың бейнемүсініктемесі:

<https://www.youtube.com/watch?v=APg2vATmMk0>

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша

« С ұ р а қ - ж а у а п » бейнемүсініктемесі:

<https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCAvUk>

<https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk>

«Ұлттық қор – балаларға» сайты бойынша нұсқаулық:

<https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAhc>

<https://www.youtube.com/>

watch?v=jyC2c-HgqrQ
«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асыру туралы нұсқаулық:
<https://www.youtube.com/watch?v=bqeT41rWecA>
<https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VHdWU>

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі БЖЗҚ зейнетақы активтері сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алады жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

По состоянию на 1 апреля 2026 года с момента запуска программы (с 1 февраля 2024 года) исполнено 273 371 заявление на общую сумму более 46,83 млн долларов США, которая была переведена уполномоченным операторам для последующего зачисления на банковские счета заявителей. Основная часть заявлений исполнена в целях улучшения жилищных условий - 171 696 заявлений на сумму 29,40 млн долларов США. В целях оплаты образования исполнено 101 675 заявлений на сумму 17,43 млн долларов США. Получатели целевых накоплений (ЦН) вправе использовать средства полностью или частично, при этом неиспользованный остаток сохраняется на целевом накопительном счёте (ЦНС).

Наиболее востребованным направлением в рамках улучшения жилищных условий стало пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления (исполнено 167 776 заявлений на сумму 28,79 млн долларов США). Также средства были внесены в качестве первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища – 1 345 заявлений на сумму 214,39 тыс. долларов США, в целях приобретения жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) – 938 заявлений на сумму 144,47 тыс. долларов США.

В рамках использования ЦН на образование наибольший объем средств направлен на оплату образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 93 586 заявлений на сумму около 16,32 млн долларов США). Также были востребованы следующие направления: пополнение образователь-

БОЛЕЕ 46,8 МЛН ДОЛЛАРОВ США НАПРАВЛЕНО НА ЖИЛЬЁ И ОБРАЗОВАНИЕ В РАМКАХ ПРОГРАММЫ «НАЦФОНД – ДЕТЯМ»

ного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе (исполнено 5 590 заявлений на сумму более 748,76 тыс. долларов США), оплата образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 2 018 заявлений на сумму 294,58 тыс. долларов США).

С подробной информацией о выплатах ЦН в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте enpf.kz.

Напомним, что по итогам 2025 года казахстанским детям произведено очередное начисление в размере 130,71 долларов США на одного ребенка, за 2024 год – по 129,38 долларов США, за 2023 год – по 100,52 долларов США,

Детям до 18 лет ежегодно суммы из Нацфонда начисляются в виде целевых требований. При этом, согласно законодательству, начисленные юным казахстанцам суммы остаются в составе активов Нацфонда и продолжают инвестироваться. Благодаря дальнейшему инвестированию ежегодно сумма целевых требований каждого ребенка дополнительно прирастает за счет полученного инвестиционного дохода.

В результате совокупная сумма всех накопленных целевых требований (включая ежегодно дополнительно начисляемый инвестиционный доход) у ребенка, который участвует в программе:

- три года, составил 370 долларов 56 центов;
- два года, составил 263 доллара

93 цента;

- один год, составил 130 долларов 71 цент.

Информацию об участии в программе ребенка, не достигшего 18 лет, его родители и иные законные представители могут проверить по ИИН ребенка на сайте kids.enpf.kz, в личном кабинете на портале электронного правительства eGov.kz, а также в мобильных приложениях eGov Mobile и некоторых банков второго уровня.

В случае, если информация о целевых требованиях, начисленных детям за 2025 отчетный год, не отображается, то необходимо обновить документы в мобильных приложениях, следуя по пути:

-в приложении eGov Mobile: «Цифровые документы» - «Семья» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА»;

-в мобильных приложениях банков второго уровня, например, в Kaspi.kz: «Госуслуги» - «Все документы» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА».

Отсутствие в личном кабинете законного представителя сведений о начислении целевых требований детям, достигшим либо достигающим 18-летнего возраста в текущем году, обусловлено тем, что целевые требования обрели статус ЦН и в связи с этим доступ к информации о них предоставляется непосредственно получателю ЦН (гражданину, достигшему или достигающему 18-летнего возраста в 2026 году). Указанные лица должны самостоятельно получать информацию о своих ЦН посредством их личного кабинета на интернет-ресурсах ЕНПФ либо электронного правительства, чтобы затем при достижении 18-летнего возраста обратиться

обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостремованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан", обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz)
watch?app=desktop&v=30CdPWl6dv0
видеокомментарий управляющего директора АО "ЕНПФ" М.Т. Шарипова:
<https://www.youtube.com/watch?v=APg2vATmMk0>
видеокомментарий "Вопрос-ответ" по программе «Нацфонд – детям»:
<https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCAvUk>
<https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk>
инструкция по сайту "Нацфонд – детям":
<https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAhc>
<https://www.youtube.com/watch?v=jyC2c-HgqrQ>
инструкция об осуществлении программы "Национальный фонд детям":
<https://www.youtube.com/watch?v=bqeT41rWecA>
<https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VHdWU>

СПОРТ ПЕН ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ



Қазіргі заманда адам өмірі технологиямен тығыз байланысты болғандықтан, көпшілік уақытын отырықшы жағдайда өткізеді. Бұл өз кезегінде денсаулыққа кері әсерін тигізеді. Сондықтан спорт пен қозғалыс – салауатты өмір салтының ажырамас бөлігі болып табылады. Дене белсенділігі адамның физикалық қана емес, психологиялық жағдайына да оң ықпал етеді.

Ең алдымен, спорт денсаулықты нығайтады. Тұрақты түрде жаттығу жасау жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысын жақсартып, қан айналымын реттейді. Сонымен қатар, бұлшықеттерді күшейтіп, дене төзімділігін арттырады. Қозғалыс арқылы ағза оттегімен жақсы қамтамасыз етіледі, нәтижесінде адамның жалпы сергектігі мен жұмыс қабілеті жоғарылайды.

Спорттың тағы бір маңызды артықшылығы – артық салмақтың алдын алу. Қазіргі таңда семіздік мәселесі көптеген адамдар үшін өзекті. Дұрыс тамақтанумен қатар, тұрақты қозғалыс артық калорияны жағуға көмектеседі. Бұл дене сымбатын сақтауға және түрлі аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, спорт адамның психологиялық жағдайына оң әсер етеді. Жаттығу кезінде ағзада қуаныш гормондары – эндорфиндер бөлінеді. Бұл көңіл-күйді жақсартып, стресс пен шаршауды азайтады. Спортпен айналысатын адамдардың өзіне деген сенімділігі артып, өмірге деген көзқарасы да оң бағытта өзгереді.

Қозғалыс тек арнайы спортпен шектелмейді. Күнделікті өмірдегі қарапайым әрекеттердің өзі пайдалы: жаяу жүру, баспалдақпен көтерілу, таңертеңгі жаттығу жасау. Осындай шағын қадамдардың өзі денсаулыққа үлкен пайда әкеледі.

Балалар мен жасөспірімдер үшін де спорттың маңызы зор. Ол дененің дұрыс қалыптасуына, тәртіп пен жауапкершілікке үйретеді. Ал ересектер үшін спорт – ұзақ әрі белсенді өмір сүрудің кепілі.

Қорытындылай келе, спорт пен қозғалыс – денсаулықты сақтаудың ең тиімді жолдарының бірі. Әр адам күнделікті өмірінде қозғалысты көбейтіп, белсенді өмір салтын ұстанса, оның өмір сапасы жақсарып, көптеген аурулардың алдын алуға болады. Денсаулықты нығайту – әркімнің өз қолында.

Тұрысбек Темірлан Тұрысбекұлы,
Дене шынықтыру пәні мұғалімі

ҰСТАЗ РУХЫНА ТАҒЗЫМ АЛДАБЕРГЕНДЕ ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ ӨТТІ

2026 жылдың 10 сәуір күні Алдаберген ауылдық округінде ұлағатты ұстаз, білікті бапкер Садықов Амангелдінің жарқын есімін еске алуға арналған аудандық мектеп мұғалімдері арасында волейболдан турнир ұйымдастырылды.

Аталған спорттық шара – ұстаз еңбегіне құрмет көрсетіп, оның спорт саласына қосқан үлесін ұлықтауға бағытталған тағылымы мол іс-шаралардың бірі болды. Турнирге ауданның әр ауылдық округтерінен келген мектеп мұғалімдері қатысып, өзара бақ сынасты.

Жарыс жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті. Әр команда жеңіске деген жігерін танытып, көрермендерге әсерлі сәттер сыйлады. Турнир барысында ұйымшылдық пен шеберлік, спорттық рух айқын байқалды.

Жарыс қорытындысы бойынша: I орынды Байысов орта мектебі иеленсе, II орын Көксу ауыл шаруашылық колледжіне бұйырды, ал III орынды Жалғызбағаш мектебі қанжығасына байлады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Бұл турнир – тек спорттық жарыс қана емес, сонымен қатар ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, ұста



Г.Омарова,

«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ: МАҢЫЗЫ МЕН ПАЙДАСЫ

Қазіргі заманда адам денсаулығын сақтау – ең өзекті мәселелердің бірі. Технология дамыған сайын адамдардың қозғалысы азайып, отырықшы өмір салты кең таралуда. Осындай жағдайда спортпен шұғылданудың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Спорт – тек физикалық белсенділік қана емес, ол адамның жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды құрал.

Ең алдымен, спорт денсаулықты нығайтады. Тұрақты түрде дене жаттығуларын жасау жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысын жақсартады, қан айналымын күшейтеді және ағзаның төзімділігін арттырады. Сонымен қатар, спорт артық салмақтың алдын алып, бұлшықеттерді дамытады. Белсенді өмір салтын ұстанатын адамдар түрлі ауруларға сирек шалдығады.

Спорттың тағы бір маңызды пайдасы – психологиялық денсаулыққа әсері. Дене жаттығулары кезінде адам ағзасында қуаныш гормондары бөлініп, көңіл-күй жақсарады. Стресс, шаршау, уайым сияқты жағымсыз сезімдер азаяды. Спортпен айналысатын адам өзіне сенімді болып, өмірге деген көзқарасы оң өзгереді.

Сонымен қатар, спорт тәртіпке, жауапкершілікке және табандылыққа үйретеді. Жаттығуларды жүйелі түрде орындау, белгілі бір мақсатқа жету жолында еңбек ету – адамның мінезін шыңдайды. Әсіресе, жасөспірімдер үшін спорттың тәрбиелік мәні зор. Ол зиянды әдеттерден аулақ болуға және уақытты тиімді пайдалануға көмектеседі.

Қоғамдық тұрғыдан алғанда да спорттың маңызы ерекше. Спорт адамдарды біріктіреді, достық пен ынтымақтастықты нығайтады. Түрлі жарыстар мен спорттық шаралар салауатты өмір салтын насихаттаудың тиімді жолы болып табылады.

Дегенмен, спортпен айналысқанда қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет. Жаттығуларды дұрыс орындау, денеге шамадан тыс жүктеме түсірмеу, дәрігердің кеңесіне жүгіну – денсаулыққа зиян келтірмеудің негізгі шарттары.

Спорт – денсаулық кепілі. Әрбір адам өз өміріне спортты енгізу арқылы денсаулығын нығайтып, өмір сапасын жақсарта алады. Салауатты өмір салты – ұзақ әрі бақытты өмірдің негізі.

Дара Қанатқызы

ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНЫҢ 40 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН БАСКЕТБОЛ ЖАРЫСЫ ӨТТІ



2026 жылдың 8 сәуір күні Шымыр ауылында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 40 жылдығына орай тұрғындар арасында аймақтық баскетбол жарысы ұйымдастырылды. Аталған спорттық шараның басты мақсаты – жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, бұқаралық спортты дамыту және тарихи оқиғаның маңызын насихаттау.

Жарысқа ауыл жастары мен тұрғындары белсенді қатысып, өзара тартысты ойын көрсетті.

Қатысушылар командалық рух пен шеберліктерін байқатып, көрермендерге қызықты әрі әсерлі ойын сыйлады.

Жарыс нәтижесі бойынша:

1-орынды «Мираж» командасы иеленді.

2-орын «Шестаков» командасына бұйырды.

3-орынды №1 ОМ командасы жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы грамота, медаль және кубоктармен марапатталды.

Осындай спорттық шаралар тұрғындар арасында достық қарым-қатынасты нығайтып, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыруға үлкен үлес қосады.

Г.Омарова,

«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

ОСНОВА ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ – СПОРТ



В современном мире здоровье человека становится одной из главных ценностей. Быстрый темп жизни, развитие технологий и малоподвижный образ жизни оказывают негативное влияние на организм. В таких условиях особую роль играет спорт, который является неотъемлемой частью здорового образа жизни.

Прежде всего, спорт укрепляет физическое здоровье. Регулярные занятия физическими упражнениями улучшают работу сердечно-сосудистой системы, способствуют нормализации кровообращения и повышают общий тонус организма. Кроме того, спорт помогает поддерживать нормальный вес, укрепляет мышцы и повышает выносливость. Люди, которые ведут активный образ жизни, реже сталкиваются с различными заболеваниями.

Не менее важным является влияние спорта на психическое состояние человека. Во время физических нагрузок вырабатываются гормоны радости, которые улучшают настроение и снижают уровень стресса. Спорт помогает бороться с усталостью, тревогой и депрессией, делает человека более уверенным в себе и устойчивым к жизненным трудностям.

Также спорт воспитывает важные личностные качества. Регулярные тренировки развивают дисциплину, ответственность и целеустремленность. Человек учится преодолевать трудности, ставить цели и достигать их. Особенно большое значение спорт имеет для молодежи, так как помогает формировать здоровые привычки и избегать вредных воздействий.

С социальной точки зрения спорт объединяет людей. Спортивные мероприятия, соревнования и командные игры способствуют развитию дружбы, взаимопонимания и сотрудничества. Это важный фактор укрепления общества и популяризации здорового образа жизни.

Однако при занятиях спортом необходимо соблюдать меры предосторожности. Важно правильно выполнять упражнения, не перегружать организм и при необходимости консультироваться со специалистами. Это поможет избежать травм и сохранить здоровье.

В заключение можно сказать, что спорт является основой здорового образа жизни. Регулярная физическая активность помогает не только укрепить здоровье, но и улучшить качество жизни в целом. Забота о своем организме – это залог долгой и счастливой жизни.